



ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТІ АУЛАЛАР

6-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



СУИЦИД НЕГЕ АЗАЙМАЙДЫ?

9-БЕТ | МӘСЕЛЕ



КҮЙ КҮМБІРЛЕГЕН КЕШ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Зардап шеккен азаматтардың бәріне қажетті көмек беріледі. Олар қауіпсіз жерге көшірілді. Менің тапсырмам бойынша Үкімет тиісті мәселелерді шешу жұмыстарымен айналысып жатыр. Көмек көрсетілетініне ешқандай күмән болмауға тиіс.

№105
(4383)
Сейсенбі
6 қыркүйек
2022 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҰЛТ ҰСТАЗЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Кеше ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының туғанына мерейлі 150 жыл толуына орай елорданың зиялылар қауымы Қаламгерлер аллеясында «Алаш қайраткерлері» ескерткішіне гүл шоғын қойып, тағзым етті. Іс-шараға Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі, Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов және ахметтанушы, алаштанушы ғалымдар қатысты.

Іс-шара Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ұйымдастырылған «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциямен жалғасты. Сонымен қатар

А.Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицейдегі ұлт ұстазы музейіне бару, «Мектеп және Ахмет Байтұрсынұлы» көрмесін тамашалау, мектеп мұғалімдері іс-тәжірибесімен танысу шаралары өтті.



ҚИЫНДЫҚТЫ БІРЛІК ЖЕНЕДІ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанай облысына жұмыс сапарымен барды. Сапар барысында өрттен зардап шеккен Әулікөл ауданындағы аумақты тікұшақпен аралап шықты.

Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар министрлігі өрт сөндіру бөлімшелерінің жеке құрамымен кездесті. Президент Қостанай облысында болған өртті сөндіру жөніндегі шұғыл әрекет ету штабының отырысын өткізді. Отырыстан кейін өңірде орман өртінен зардап шеккен азаматтармен кездесті. Президент еріктілермен әңгімелесіп, оларға көрсеткен көмегі үшін алғыс айтты.

2

ЕЛОРДА КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗДЫ

Елорда әкімдігінің қызметкерлері Қостанай облысындағы өрттен зардап шеккендерге бір күндік жалақысын аударды.

Қаражат төтенше жағдай салдарын жоюға және тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін қалпына келтіруге бағытталады. Атап айтқанда, Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы кәсіпкерлердің көмегімен тағы да 4,5 тонна бірінші қажеттіліктегі заттарды жинады. Көмек партиялары астанадан жөнелтілді. Гуманитарлық көмекті жинауға және тасымалдауға еріктілер де көмектесуде. Нұр-Сұлтан қаласында Атапат партиясы (Тәуелсіздік даңғылы, 3), Қазақстан халқы Ассамблеясы, қала тұрғындары және басқа да мекемелер ұйымдастырған гуманитарлық көмек қабылдау пункттері жұмыс істейді. (Момышұлы даңғылы 24/9, + 7 702 481 20 38, + 7 701 466 0345).

Алғашқы гуманитарлық

11

ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІ БАСТАЛДЫ

Кеше елордада Қазақстан халқы тілдері мерекесі «Тілім – тірегім» атауымен «Алаш қайраткерлері» ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен басталды.

Нұр-Сұлтан қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы тілдер мерекесін қыркүйек айы бойы өткізеді. Соның аясында оннан аса шара өткізу жоспарланған.

Тілдер мерекесі аясында

8



ШТАБ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанай облысында болған өрттен зардап шеккен Әуликөл ауданындағы аумақты аралағаннан кейін шұғыл әрекет ету штабының отырысын өткізді. Президент Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин мен Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетовтің өртті ауыздықтау, елді мекендердегі азаматтарды эвакуациялау және зардап шеккен тұрғындарға қолдау көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндамаларын тыңдады.

Президент өңірдегі ахуалдың бақылауда екенін айтты. Табиғи апатты жою үшін барлық қажетті шаралар қабылданған. Қасым-Жомарт Тоқаев болған жағдайдан тиісті сабақ алу қажет екенін атап өтіп, өртті толық әрі жылдам ауыздықтау үшін шұғыл әрекет ету штабына барлық ведомствоның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді.

Сонымен қатар, Президент үйлерін тастап кетуге мәжбүр болған адамдарға толыққанды қолдау көрсетудің маңызды екенін атап өтті. Үкімет пен Қостанай облысының әкімдігіне зардап шеккен тұрғындарға шұғыл түрде өтемақы төлеу мәселесін қамтамасыз ету

тапсырылды. «Зардап шеккен азаматтардың бәріне қажетті көмек беріледі. Олар қауіпсіз жерге көшірілді. Менің тапсырмам бойынша Үкімет тиісті мәселелерді шешу жұмыстарымен айналысып жатыр. Көмек көрсетілетініне ешқандай күмән болмауға тиіс» деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев өрттің шығу себебін анықтау қажет екеніне назар аударды. Оның айтуынша, орман алқабын қайта қалпына келтіру үшін кешенді шаралар әзірлеп, алдағы уақытта осындай апатты жағдайларды болдырмау жөніндегі алдын алу жұмыстарын жүргізу керек. Президент Төтенше жағдайлар министрлігін ведомство

қызметкерлерінің әлеуметтік, соның ішінде тұрғын үйге және жатақханаға қатысты мәселелерін шешуге және қамтамасыз етуге, сондай-ақ кәсіби кадрлардың дайындық деңгейін арттыруға қабілетті институт ретінде айтарлықтай күшейту қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар, Ішкі істер және Қорғаныс министрліктерінің өрт сөндіру бөлімшелерінің жеке құрамымен, сондай-ақ өртті ауыздықтауға тартылған еріктілермен кездесті. Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдайды жоюға атсалысқан барлық азаматтың жасаған ерлігі үшін алғыс білдіріп, олар наградалармен сыйлықтарға ұсынылатынын айтты.

ӨРТТЕН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРМЕН КЕЗДЕСТІ


Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанай облысында орман өртінен зардап шеккен азаматтармен кездесті. Шұғыл әрекет ету штабы отырысынан кейін Мемлекет басшысы орман өртінен зардап шеккен Аманқарағай ауылының аумағын аралады.



Мемлекет басшысы Әуликөл ауылындағы мектепте орналасқан эвакуациялау пунктіне зардап шеккен азаматтармен кездесіп, гуманитарлық көмек тарату пунктінің жұмысымен танысты. Зардап шеккендермен кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет қиын жағдайды еңсеру үшін барлық шараларды қабылдайтынын айтты. «Өкінішке қарай, үлкен өрт болды. Дегенмен тиісті көмек көрсетіледі. Сіздердің баспанасыз қалғандарыңызды білемін. Үкімет

екі, екі жарым айда сіздерге бұрынғыдан әлдеқайда жақсы жаңа үйлер салып береді» деді Мемлекет басшысы. Президент еріктілермен әңгімелесіп, оларға көрсеткен көмегі үшін алғыс айтты. «Расында, бұл – үлкен шаруа. Зардап шеккен азаматтардың бәрі екі-үш айдың ішінде баспаналы болады деп уәдемді бердім. Оған күмәнім жоқ. Ол – бір. Екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойына қатысты. Ең алдымен, осы мәселені шешейік. Содан кейін амандық болса, осы бір

қасиетті жерге келіп, Ахмет Байтұрсынұлы бабамыздың рухына тағзым етіп, тойды өткіземіз» деді Президент Әуликөл ауылындағы гуманитарлық көмек тарату пунктіне зардап шеккен азаматтармен және еріктілермен кездесуде. «Барлық көмек болады. Жаңа да айтып кеттім ғой. Ел болып, тұтас, тату болып, бір-бірімізге көмектесіп, осы күрделі жағдайдан абыроймен шығамыз. Ең алдымен, бірлік болсын!» деп сөзін түйіндеді Мемлекет басшысы.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильиннің баяндамасын

тындап, өртті толық әрі жылдам ауыздықтау үшін шұғыл әрекет ету штабына бірқатар тапсырма берді. Сондай-ақ

ведомство қызметкерлерінің әлеуметтік мәселелерін шешіп, кәсіби кадрлардың дайындығын арттыру қажет екенін айтты.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Қытайға Хиннамор атты жойқын тайфун жақындап қалды.

Қазір желдің екпіні сағатына 15 шақырымды құрайды. Болжам бойынша долы дауыл Чжэцзян провинциясының солтүстік-шығыс жағалауында ойран салмақ. Жергілікті билік қауіптіліктің үшінші деңгейін жариялап, төтенше жағдай қызметінің шұғыл әрекет етуін күшейтті, теңіздегі кемелер мен 3 мыңға жуық балықшыға шұғыл портқа оралу керек деген бұйрық берілді.



Үндістанда обырға қарсы вакцина шығады.

Үндістанда жатыр мойны обырына қарсы алғашқы вакцина дайындалды. Зерттеу институты жақында екпені нарыққа жібереміз деп мәлімдеді. Вакцинаның көмегімен жатыр мойны обырын туғызатын адам ағзасындағы екі папилломавирусты емдейді. Компания екі жылда 200 млн доза шығаруды жоспарлап отыр. Жатыр мойны обыры – әлем бойынша ең көп таралатын қатерлі ісіктердің бірі, 2020 жылы 342 мың адам көз жұмған.



Перуде үш мың жыл бұрынғы қабір табылды.

Перуде жергілікті және жапон археологтары 3 мың жыл бұрынғы қабірді тапты. Мүрделер солтүстіктегі Пако-пампа таулы аймағында анықталған. Табылған заттардың арасында музыкалық аспаптар, тастан жасалған әшекей бұйымдар бар. Анықталған қабір Пако-пампадағы ең ежелгі олжа болып отыр. Қабірде тек Эквадорда кездесетін Стромбус ұлулары да болған, бұл жоғары лауазымды тұлғаның мәйіті екенін айқындайды.

ҰЛТ ҰСТАЗЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

«Өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл» деді Сәкен Сейфуллин. Қиын-қыстау заманда өмір сүріп, соңында өшпес із қалдырған Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтуде. Елордада бірнеше халықаралық ғылыми конференция, мүшәйра өтті. Ахаңның аты мектеп пен даңғылға берілді. Жақында еңселі ескерткіші де бой көтереді деген жоспар бар.

«Ахмет Байтұрсынұлы – біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Соңынан із салған жанашыл ағартушы. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының әліп-биімен ашып, ана тілін Байтұрсынұлының «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді» дейді академик, профессор Рабиға Сыздықова.

Алаш ардагері, тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы және Тіл мерекесі аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Л.Н.Гумилев атындағы Еура-



зия ұлттық университетінде «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференцияға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбек, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Д. Қыдырәлі, ҚР Мәдениет және спорт министрі Д.Абаев, Қазақстан, Ресей, АҚШ, Түркия, Венгрия, Польша, Түрікменстан, Өзбекстан, Татарстан, Қырғызстанның, т.б. елдердің ғалымдары

қатысып, баяндама жасады.

Іс-шара аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Тіл саясаты комитетінің «Ахмет Байтұрсынұлы мен Алаш зиялылары туралы жаңа мұрағат деректері» атты таныстырылымы және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, академик Е.Сыдықовтың Мәскеудің «Художественная литература» баспасынан шыққан «Ахмет Байтұрсынұлы – учитель нации» атты кітабының тұсаукесері өтті.

ТІЛ ТОҒЫССА, ДІЛ ДЕ ТОҒЫСАДЫ

Кеше Қазақстан халқы тілдері күніне орай Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығында «Қазақ тілі – бабамның тілі!» атты шара өтті.



Қалиакбар
ҮСЕМЖАНҰЛЫ

Мемлекеттік тілдің үгіт-насихатын күшейтіп, оның қолданысы аясын кеңейту мақсатында өткізілген мерекелік іс-шараға қатысқан Парламент Мәжілісінің депута-

ты, Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Наталья Дементьева мемлекеттік тілдің мәні мен маңызына тоқталды. «Еліміздің болашағы мемлекеттік тілдің дамуымен тікелей қатысты. Себебі ол – еліміздегі 130-дан астам ұлттың ділі мен тілін тоғыстыратын алтын арқау. Оның үстіне бүгін қазақтың

әдебиет зерттеуші ғалымы, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр. Міне, осындай салиқалы сәтте бір араға бас қосып, мемлекеттік тілді дамыту туралы талқы өткізіп жатқанымыздың өзі – мерей. Әрине, қазір мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – кезек күттірмейтін міндет. Өткен 10-20 жылдың алдындағымен салыстырғанда, елімізде мемлекеттік тілде сөйлейтін өзге ұлт азаматтары барған сайын көбейіп келеді. Мен өзім де ұлтым басқа, орыс тілді ортада өстім, бірақ жоғары оқу орнында қазақ тілін үйреніп, 20 жыл ұстаздық еттім. Демек, ниет болса, мемлекеттік тілді үйренудің еш қиындығы жоқ. Тіл тоғысса, діл де тоғысады» деді ол.

Шараға Нұр-Сұлтан қаласындағы бір бөлім тіл жанашырлары, қазақ тілін насихаттап жүрген ақ жаулықты әжелер, сондай-ақ оқу орындарының түлектері қатысты.

ЕЛОРДА ЭКОЛОГИЯСЫ АЛАНДАТА МА?

Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындарымен кездесу өткізеді.

2022 жылғы 8 қыркүйекте сағат 15.00-де Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының мәжіліс залында өтеді.

Кездесудің онлайн-көрсетілімі Экология, геология және табиғи ресурстар министрі мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Facebook», «Youtube»

Нидерландыда ерекше жел электр станциясы іске қосылды.

Бір қызығы, ол – жел көмегімен электр қуатын өндіретін елдегі ең ірі нысан. Қуаттылығы – 320 мегаватт. Соның арқасында 300 мың үйді электр қуатымен қамтуға мүмкіндік бар. 2021 жылғы дерек бойынша, бұл елде өндірілетін энергияның тек 12 пайызы ғана баламалы қуат көздерінің үлесінде, ел билігі бұл бағытта бірқатар шара қабылдап, жел, күн станцияларын салуға көшті.



Еуропада газ бағасы қымбаттады.

Еуропада газдың құны 3,5 мың доллардан асты. Бұл – кейінгі 26 жыл ішіндегі ең жоғарғы баға. Бұған себеп Газпромның Солтүстік ағын арқылы көгілдір отын тасымалын үш күнге тоқтатуы. Мұның соңында кәрі құрлық биржаларында газ бағасы құбылды. Еуропалық одақ қыстан шығудың қамын ойлап, қоймаларға шикізат толтырып жатыр. Кәрі құрлық қоймаларын шикізатқа толтырып жанталасып жатыр.

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ

– Мен Нұр-Сұлтан қаласының тұрғынымын. Мектеп жасындағы төрт балам бар, жолдасым қайтыс болған. Әкімдіктен қандай көмек болар екен, соны білгім келеді.

Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан СЕНҒАЗЫЕВТЫҢ мәліметін ұсынамыз.

– Жыл сайын елордада «Мектепке жол» акциясы кезінде қаламыздың демалушылары мен қайырымды жандарының қолдауы арқасында оқушыларға мектеп формасы, оқу құралдары түрінде, сонымен қатар қаржылай көмек жасалып жүр. Биыл шара Балалар жылы аясында өткізілетінін ескерсек, жиналатын қаржы көлемі де қомақты әрі қамтылатын оқушылар саны да арта түсері даусыз. Қаламызда қайырымдылық жасау үшін жылжымалы пункттер құрылып, жұмыс істеуде. «2022-2023 оқу жылында аудан әкімдіктерімен бірлесіп демалушыларға қаражат есебінен керек-жарақтары бар мектеп рюкзактары түрінде әлеуметтік осал санаттағы 16 мыңнан аса баланы қамту жоспарланып отыр. «Мектепке жол» респу-

бликалық қайырымдылық акциясы аясында 10 мыңнан аса бала көмек алатын болды».

Материалдық көмек алушы өтініш жазып, банктік картаның 20 таңбалы нөмірін ұсынады. Немесе материалдық көмекті аудару үшін банкте арнайы шот ашуы қажет. Қаражаттың мақсатты пайдаланылуын міндетті түрде құжатталмалық растаумен (түбіртек, чектер, фото) оларды сатып алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде білім беру ұйымына тапсыру керек.

Акция 30 қыркүйекке дейін жалғасады және оған үлесін қосқысы келетін әрбір мейірімді жан аптаның кез келген күні қаладағы сауда үйлері жанында орналасқан қайырымдылық үйшіктеріне таулік бойы өз көмегін қалдыра алады.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Мира ӨТЕПҚАЛИЕВА, елорда тұрғыны:

– Екі балам жекеменшік балабақшасына барады. Балабақшаның талаптарға сай болуына ата-ана ретінде алаңдаймын. Балабақшаларды лицензиялау қашан басталады?

Оқырман сауалына ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Гүлзат Көбенова жауап берді:

– Балабақшаны лицензиялау жұмыстары 2011 жылға дейін жүргізіліп келді. Кейін 2011-2020 жылдарға арналған ҚР Білімді дамыту бойынша мемлекеттік бағдарлама қабылданып, басты мақсат ретінде балаларды балабақшамен қамту мәселесі көтерілді. Себебі жергілікті жерлерде орын жетіспеді. Осыған байланысты балабақшаларды лицензиялау алынып тасталды. Бүгінгі күні бұл мәселе шешілді. Мақсатқа қол жеткіздік. Балабақшамен қамту 99 пайызды құрайды, енді сапаға бет бұруымыз керек, – деді ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Гүлзат Көбенова.

Гүлзат Көбенованың айтуынша, балабақшаларды лицензиялауды қайта енгізу тәртібі Білім туралы

және Рұқсаттамалар туралы заңда бекітілген. Соған байланысты реттеушілік әсерді талдау жүргізіледі. Осы тәртіп бекітілген соң заңнама жасалады. Заңнамаға қандай өзгерістер енгізу қажет екені анықталады.

«Заң қабылданғаннан кейін нормативтік құжаттар жасалады. Сосын жұмыс басталады. 2022-2023 жылдары тиісті жұмыстар жүргізіледі. 2024 жылдан лицензиялауды бастаймыз» деді ол.



БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

05.09.2022

ELORDA.INFO

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ

	Астаналық базар	«Әліск» базары	«Шағыт» базары	Көк базар (Шаңхай)
Бірінші сортты бидай ұны	480	475	650	600
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	150	95	140	150
Макарон өнімдері	380	335	380	350
Қарақұмық жармасы	700	910	650	630
Тазартылған күріш	460	440	480	450
Картоп	180	130	125	150
Сәбіз	230	120	140	200
Пияз	240	115	110	230
Қырыққабат	200	90	130	170
Қант	680	1000	600	650
Күнбағыс майы	1100	1147	1050	1000
Сыыр еті	2750	2800	2100	2800
Тауық еті	1650	1600	1580	1700
Пастерленген сүт	400	305	380	380
Айран	450	457	450	400
Сары май	4500	4000	4500	3500
Тауық жұмыртқасы (10 дана)	530	487	450	450
Ас тұзы	100	50	80	100
Сүзбе	1000	900	900	950

№105 (4383) 06/09/2022 Сейсенбі



Қазақстан Республикасының Президенті
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ

Бізге ел бірлігі ауадай қажет. Ереуілге қатысқандар да, күштік құрылым қызметкерлері де – өз азаматтарымыз. Олар сот әділ өтеді деп қана емес, қоғам кешірімді болады деп үміттеніп отыр. Мемлекет қаңтар оқиғасына қатысқан, бірақ ауыр қылмыс жасамаған азаматтардың жазасын жеңілдетті. Заң бұзғандардың бірқатары кінәсін түсініп, өткен іске өкініп отыр. Оларға кешіріммен қараған дұрыс деп ойлаймын. Сондықтан, мен қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялау туралы шешім қабылдадым



Ләззәт РАЗБЕКОВА,
Нұр-Сұлтан технологиялық колледжінің
директоры, қалалық мәслихаттың
депутаты:

ТАЛАП КҮШЕЙЕДІ, ТАБЫС МОЛАЯДЫ

– Білім саласы Мемлекет басшысының үнемі басты назарында. Жолдауда көптеген игі бастамалар айтылды, ҚР Оқу-ағарту министрлігіне бірқатар тапсырма берілді. Тәрбиешілердің айлығын көтеру мәселесі оларға қойылатын талаппен бірге артады. Сондай-ақ ол балабақша тәрбиешілерінің айлығын көтере түсу – уақыт талабынан туындап отырған мәселе екендігін атады.

Мемлекет басшысы ұстаз мәртебесі, олардың жалақысы туралы әрдайым айтып келеді. 2023 жылғы қаңтардан бастап

мұғалімдердің айлығы 25 пайызға көтеріледі деген тапсырмасы тағы бар. Оған бүгін Мемлекет басшысы тәрбиешілердің еңбекақысын көтеріп, жүктемесін азайту қажеттігін айтты. Бұл – орынды бастама. Өйткені ұстаздарға қарағанда тәрбиешілердің жалақысы өте аз, бүлдіршіндерге лайықты тәлім беруі үшін оларды материалдық жағынан қолдау аса қажет. Педагогтарды аттестаттау және аккредиттеу бойынша жұмыс та жалғасын табады. Алдағы уақытта мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында да осындай жұмыс жүргізу

туралы тапсырма берілгені белгілі. Бұл – шын мәнінде халықаралық тәжірибеде бар нәрсе.

Жалпы тәрбиешілерді аттестаттау, мұғалімдерді аккредиттеу және сертификаттау, «Қолайлы мектеп» жобасы туралы Президент тапсырмалары бойынша міндетті түрде жүргізіліп, үздіксіз жұмыс жүргізу қажет. Сондай-ақ Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауындағы 2025 жылы үш ауысымды және апатты жағдайдағы мектептер проблемасы толығымен шешілетіндігі қуантады.



Ауыт МҰҚИБЕК,
ақын, «Құрмет» орденінің иегері:

КӨШБАСШЫ БАРДА КӨШ ТОҚТАМАЙДЫ

– «Мен биылғы күзде кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді ұсынамын. Әділетті Қазақстанды құру жолында түбегейлі және жан-жақты реформаларды табысты жүзеге асыру үшін халықтың жаңа сенім мандаты қажет» деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында.

Аталған Жолдауда Қасым-Жомарт Кемелұлы тағы «Қандастардың көшіп келуіне және ішкі миграцияға қатысты саясат тұрағайлы өзгереді. Бұл орайда, демографиялық және экономикалық үрдістерді ескеру керек. Сондай-ақ жалпыұлттық мүддені басшылыққа алу өте маңызды» деді.

Бұл Ұлы көш тоқтайды деген сөз емес, әрине. Демек, Қасым-Жомарт

Кемелұлы 2019 жылы 12 сәуірдегі «Шетелдегі қандастарымызды елге қайтару ісі ешқашан назардан тыс қалған емес, қалмайды да» деген уәдесін бүгінгі Жолдауында қайта жаңғыртып, Ұлы көшке серпін беретінін аңғартты.

Өкінішке қарай, Президенттің сол кезде айтқан «Дүниежүзіндегі қандастарымыздың басын туған жерде біріктіру – біздің қасиетті парызымыз» деген сөзі өз деңгейінде орындалған жоқ. Оған басты кедергі пандемия болғанының бәріміз көріп отырмыз. Қай жағынан алсақ та, Ұлы көшті жалғастыру және оған басымдық берудің саяси, тарихи-стратегиялық маңызы өте зор. Енді, Ұлы көштің екінші «Алтын дәуірі» басталады деп сенемін. Сол үшін Қасым-Жомарт Кемелұлының бүгінгі Жолдауында ортаға қойған кезектен

тыс Президент сайлауын өткізу туралы ұсынысын өз басым қуана қолдаймын.

Сондай-ақ шекара сыртында қалып бара жатқан алты миллион қазақтың тағдырына қатысты мәселе президенттік деңгейде айтылып жатқан кезде, Мемлекет басшысының бұл бастамасын Ұлы көшке мүдделі қауымның да ыстық ықыласпен қолдайтынына сенемін! Және бұл топтың саяси белсенділігі өте жоғары, мол электротат екенін ескерген дұрыс.

«Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік» деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Ендеше, біз үшін де сол мемлекетті құраушы ұлттың тағдыры мен бір тұтастығы бірінші кезекте тұрады.

Тәуелсіз мемлекеті, Тоқаевтай президенті және қара орман қауымы тұрғанда, жат жұртқа қазақ қалмауы керек!

Дархан МЫҢБАЙ,
Мәжіліс депутаты:

РАҚЫМШЫЛЫҚ – КЕҢШІЛІК ӘРІ ЖАУАПКЕРШІЛІК

– Қаңтар қасіреті туралы әрқилы әңгіме айтылатыны жасырын емес. «Ақиқатын Алла біледі» десек те, құқықтық қоғамда бәріне заң орындары баға берді. Ал жаза басып, арандап қалған жандардың жағдайын кім ұғайды?

Президент Қ.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында осы шетін мәселені айналып өтпегені дұрыс болды. «Бізге ел бірлігі

ауадай қажет, – деді ол. – Ереуілге қатысқандар да, күштік құрылым қызметкерлері де – өз азаматтарымыз. Олар сот әділ өтеді деп қана емес, қоғам кешірімді болады деп үміттеніп отыр. Мемлекет қаңтар оқиғасына қатысқан, бірақ ауыр қылмыс жасамаған азаматтардың жазасын жеңілдетті. Заң бұзғандардың бірқатары кінәсін түсініп, өткен іске өкініп

отыр. Оларға кешіріммен қараған дұрыс деп ойлаймын. Сондықтан мен қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялау туралы шешім қабылдадым».

Иә, мейірім, кешірім деген құндылық немесе адами ишарат жөнсіз ұрыс-керістің, орынсыз пәле-жаланың алдын алуға ықпал етеді. Мұндай өрелі шешім



адамшылыққа негізделген дәстүрімізге де, кешірімді болуға шақыратын ата дінімізге де сай келеді.

Бірақ «алмақтың да салмағы бар» дегендей, мұның арғы жағында қоғам жауапкершілігі арта түсуі қажет. «Жаңа Қазақстан» мұны терек түсінеді деп ойлаймыз.



Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология
ғылымдарының докторы, профессор, Нұр-Сұлтан қаласы
Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ – БАСЫМ БАҒЫТТА

ды. Бұл мәселе орынды көтеріліп отыр. Өйткені шын мәнінде, айтылған сала ұлт сапасын арттыруда жетекші роль атқаратыны айқын.

Екіншіден, әсіресе, мектепке дейінгі тәрбиеге байланысты қордаланған, яғни 2 жастан 6 жасқа дейінгі бүлдіршіндердің 50 пайызы ғана балабақшамен қамтамасыз етілетіндігі ашық айтылып, бұл мәселені түпкілікті шешу бойынша Президенттің тапсырма бергені көптің

көңілінен шықты. Сонымен бірге тәрбиешілердің де әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту тапсырмасы өз кезегінде тәрбиешілерге де зор жауапкершілік жүктейтін түсінікті.

Үшіншіден, табысты ұлт болудың кепілі - орта білім сапасына байланысты екеніне, оларға жағдай тудыру керектігіне екіпін түсіре сөйлеген Мемлекет басшысы мектеп салу Үкімет пен әкімдердің маңызды міндеттері екенін

еске салып, ол жұмыстарды оңтайлы шешу тетіктерін атап көрсетті.

Жолдаудағы тағы бір астын сызып айтар мәселе - жоғары білікті педагог кадрлар дайындауға байланысты болды. Педагогикалық жоғары оқу орындарын аккредитациялау стандарттары қабылданып, ұстаздардың құзыреттілігі айқындалатын болады. Білім беру ұйымдарында сапалы білімді қамтамасыз ету мақсатында ауқымды істер атқарылатын болады.

Ерік ЖОЛЖАҚСЫНОВ,
Нұр-Сұлтан қаласының «Астаналық цирк» мемлекеттік мекемесінің
бас директоры:

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУҒА АТСАЛЫСАЙЫҚ!

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауының ықыласпен тыңдадым. Президент бұл Жолдауда да қоғамдағы көптеген әлеуметтік, экономикалық мәселелердің шешілу

жолдарын айқындап берді. Қазіргі кезде мемлекет халықтың әл-ауқатын арттыруға айрықша көңіл бөлуде. Ең төменгі жалақы деңгейі 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көтерілетін болды. Бұл – әлеуметтік ахуалы төмен адамдар үшін қуанарлық жаңалық! Балаларға қа-

тысты да жағымды жаңалықты халық Жолдаудан естіді. Ұлттық қордың жылдық инвестициялық табысының 50 пайызын мемлекет балалардың арнайы есепшотына аударады. Бұл қаражат әр бала 18 жасқа толғанша аударылып, көмелеттік жасқа толғаннан кейін



баспана және білім алуына жұмсалады.

Жаңа және әділетті Қазақстанды құруға бәріміз атсалысуға тиіспіз! Қазақстанның өсіп-өркендеп, әлемдегі дамыған елдердің қатарынан орын алатынына сенемін!



Құндызай ЕРІМБЕТОВА,
ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты:

АШЫҚ СТРАТЕГИЯ – ИГІЛІКТІ ҚОҒАМ

мен мәнін халыққа ұғындыра алдық па, ортақ іс үшін бауырымызға тарта алдық па? – деген сұрақ тұрады көкейде. Қыруар жұмыстар атқарылды. Жаңа дәуірдің жас буыны өсіп жетілді. Бұны теріске шығара алмаймыз. Осыған сәйкес ғалам да бір орнында тұрған жоқ, онымен қоса жас ұрпақтың мақсат-мұраты жетілді. «Сөз қадірін білмесе, байдан байлық кетеді» деген аталы сөз бар. Біз бар дүниемізді қадірлей алдық па? Немесе қадіріне жетті пе, оны игеруде немесе жетілдіруде біртұтас жұрт бола алдық па? Елімізде жылдар бойы халық пен билік, азаматтар мен қоғам арасындағы қалыпты қатынасты жүйесіздендіруге адами факторлар да әсерін тигізгені қазір құпия емес. Бүгінгі күнгі мәселе: аймақтық, халықаралық нарыққа нақты қабілетті салаларға қолдау жасалды ма, бәсекелестік ортаны қалыптастыруда әділ бәсеке ережелері, құқықтық тетіктер қаншалықты

тиімді жұмыс атқаруда? Сондықтан да болар, Мемлекет басшысы биылғы Жолдауын келешектегі іс-әрекеттер стратегиясын Президент жанынан Омбудсмен институтының құрылатындығы жөніндегі мәлімдемесінен бастады. Бұл – қабылданған түрлі саладағы заң нормаларының сақталуына бақылау жасау және әрбір азаматтың құқы мен еркін қорғау қажеттілігі күн тәртібінде тұр деген сөз. Мемлекет қоғам игілігінің жоғары деңгейін қаншалықты кепілдендіргенмен, айналып келгенде, халықтың сенімі мен көңіл-күйіне келіп тіреледі. Әлеуметтік-экономикалық мәселелерді қолға алудан да бұрын, шенділердің тұрғындармен қарым-қатынастың шынайылығы маңызды, ел-жұрттың тағдыры мен жай-күйін де үнемі есепке алу, табиғи түрде халықты ынталандыру тәсілдері қажет деген сөз. Сондықтан да Жолдауда салық тәртібін енгізу, жүйесіз нарыққа

жұтылып кетпейтіндей шағын бизнесті қолға алғандарды қорғау бағытында әкімшілік кедергілерді жоюдың нақты цифрландыру шаралары аталып отыр. Яғни қоғамда орын алған келеңсіздіктерге қарсы нақты ұйғарым, құптарлық. Егер жауапкершілік алған азаматтар басты мұрат үшін әділ де адал жұмыс атқаратын болса, елдің тұрақтылығы мен өркендеуіне үлкен үлес қосады деп пайымдауға болады.

Республиканың аймақтарының әлеуметтік-экономикалық, әсіресе ауыл шаруашылығы салаларын, экологиялық, демографиялық дамуы мен аймақтық ерекшеліктерін орай қабылданатын нақты шешімдер жедел қолға алынғанда ғана нәтижеге қол жеткізуге болатындығы айқын. Басты мұратқа жетудің кілті – халықтың интеллектуалдық қарымды әлеуеті, ортақ іске ұмтылысы, еңбек және материалдық ресурстар жүйесі бар. Бағалай алсақ – бағамымыз.

Ғани ҚАРАСАЕВ,

тарих ғылымдарының докторы, Мемлекет тарихи институтының бөлім басшысы-бас ғылыми қызметкері:

БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫН БЕЛГІЛЕДІ

– Мемлекетіміздің басшысы Қ.К.Тоқаевтың үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына арналған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы еліміздің экономикалық, әлеуметтік, саяси дамуындағы таяу болашақтағы міндеттерін айқындауға арналғандығы белгілі.

Жолдаудың өзіндік ерекшелігіне тоқтайтын болсақ, онда ел тұрғындарының қазіргі көкейінде жүрген көптеген келелі мәселелерді шешудің тәсілдері айқындалып, мен оның толығымен іске асырудың қажеттігі атап көрсетілген. Осылардың ішіндегі бірнешеуіне тоқтала кететін болсақ, Мемлекет басшысы республикамыздың орта білім беру орындарындағы бүгінгі күнге дейін қалыптасып отырған үш маусыммен білім беретін мектептердің жұмыс істеулерін тоқтату, ол үшін бірнеше жылдың ішінде қарқынды тұрғыда жаңа мектептер салу мәселесін қойды. Сонымен қатар Президент қатарға қосылатын мектептер құрылысын айыптары белгіленіп, жазалау шараларына үкім шығарылған жемқорлардың қылмыстық жолмен жеке бастары үшін иеленген мемлекеттік қаржылардың үкіметке қайтарылуы есебінен жүргізуі тапсырды. Бұл айтылған талап бүкіл ел тұрғындарының көкейінен шығып отырғандығы белгілі. Алайда біздің де айта кетеріміз – біздің орындар тарапынан осы жауапты да ауқымды ұйымдастыру

шараларының мейлінше ашық, жариялы тұрғыда іске асырылуына қол жеткізілсе. Ал мұның өзі мемлекетіміздегі болашақтағы орын алар жемқорлықты түбірімен жоюға деген елеулі қадам болар еді. Сонымен бірге өрескел жемқорлардан заң негізінде қайтарылған мемлекеттік қаржыларды жоғарыдағы аталғаннан басқа денсаулық сақтау, мәдени, спорт саласындағы іргелі құрылыстарға, жастарға арналған арнайы білім стипендияларына, тағы да басқаларына жұмсалуды жүйелі тұрғыда іске асырылса. Оның жалпы-халықтық жариялылығы қамтамасыз етілсе, қоғамымыздың дамуына өрескел тұрғыда тұсау қоятын осы жемқорлықтың толығымен құруына мүмкіндік жасалар еді деп есептейміз.

Екінші тоқтала кететін мәселе – Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Қоғамда қазақ және орыс тілін мемлекетте оқыту мәселесі бойынша пікірталас болып жатыр. Нақты айтқанда: біз қазақ тілін де, орыс тілін де жақсы білетін балаларды тәрбиелеуіміз қажет. Себебі бұл ұрпақтың мүддесі үшін керек. Оқу-ағарту министрлігі популисттердің жетегінде кетпей, балалардың мүддесін қорғауға тиіс. Білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ болашаққа сеніммен қадам басады. Біздің күшіміз – жастардың білімінде» деп көрсетіп, көпұлтты Қазақстандағы тіл мәселесінің келелігіне назар аударды.

Шындығында да елімізде

бұл күндері басқа тілдерді меңгеру, әсіресе орыс тілін білім беру орындарында оқытудың болашағы – негізгі назарда. Анығын айтқанда, қай елде, қоғамда болмасын бірнеше тілді еркін меңгеру әр адамның артықшылығын білдіретіндігі түсінікті. Осы тұрғыдан алғанда да, біздің қазақтарға өздеріне тарихи етене жақын, тікелей көрші, ғасырлар бойы дәстүрлері, шаруашылықтары мен мәдениеттері араласып кеткен, елімізде ұзақ мерзімнен бері бірге араласып келе жатқан орыс халқының тілін мүмкіндігінше жақсы білудің қажеттігі айтпаса да түсінікті. Сонымен қатар, әртүрлі тарихи себептермен елімізге мекен етуге келген көрші халықтар, соның ішінде орыс халқы өкілдерінің қазақ халқымен арадағы игілікті де түсіністікті, ізгілікті қатынастарына өткен тарихымыз да куә. Және де мұндай қатынас ешқандай да саясаттың араласуынсыз іске асырылғандығын да ұрпағымыз білуі қажет деп есептейміз.

Бінтымағы жарасып, бір жаңау болып отырған, ортақ ұрпақ әкелген екі тілді де қатар меңгеріп, айналасына үлгі болып отырған орыс ұлт өкілдерін біздің еліміздің әр аймағынан мольнан кездестіруге болады. Егемен еліміздің әр бағыттағы дамуында өзіндік орны қалыптасып отырған бұл ұлт өкілдерін неге жоққа шығарамыз. Олардың арасында Қазақстанды өзінің Отаны деп есептейтіндері қаншама?!



Екіншіден, қалай десек те, бұл ұлттың тілі әлемдегі білім мен ғылымда едәуір табысқа жеткендігі белгілі. БҰҰ-ның қатынас тілі. Әлемдік деңгейде бағаланып келе жатқан орыс әдебиеті классиктерінің еңбектері сол тілде оқып танысудың да қажеттігі мол.

Осы тұрғыда айта кетеріміз – басқа тілді білуге деген ұмтылысқа ешқандай да саясат араласпауы тиіс. Сондықтан өз тілінді жете біле және ұрпағына толығымен сіңіре отыра бірінеше тілді білу әрбір қазіргі қазақтың қажеттігі деп есептеуге болады. Бұларға қосымша ағылшын және қытай тілін де мүмкіндігінше меңгеру ұлтымыздың өкілдерін әлемдік деңгейге шығаратындығы белгілі. Осы тілдерді білу арқылы біз өз тарихымыз, өнеріміз, ғылымымыз бен ұлттық дәстүрімізді және мемлекетімізді жер шары тұрғындарына тарата алатындығымызды да ұмытпауымыз керек. Сондықтан да ана тілімізбен қатар басқа тілдерді меңгеру уақыттың талабы деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына арналған Жолдауында ел тұрғындарының таяу жылдардағы алдында тұрған мәселелерді белгілеу мен оларды іске асыруға жасалған маңызды қадам деп толық айта аламыз.

ЕРІКТІЛЕР – ҚОЗҒАУШЫ КҮШ

Astana IT университетінде Халықаралық қайырымдылық күніне орай өткен іс-шарада ел азаматтары мен жастар кездесті. Іс-шараның бір маңызы – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында жастар саясатын дамытуға бағытталған тұжырымдар талқыланды.

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

1997 жылы 5 қыркүйекте ұзақ жылдық дерттен Тереза ана қайтыс болды. Оның қайырымдылық еңбегін ескерген БҰҰ Бас ассамблеясы 5 қыркүйекті атаулы күн ретінде белгіледі. Содан бері волонтерлер жиналып, қайырымдылық қозғалысын дамыту мәселесін талқылап, алдағы жұмыстарды межелеп келеді.

Кездесуге Сенат депутаты Сұлтанбек Мәкежанов, Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, қоғам белсенділері қатысып, волонтерлік қозғалысты дамытудың маңызы туралы ойымен бөлісті. Есет Байкен қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан «асар» дәстүрінің жаңғырған түрі волонтерлік қозғалысты дамыту – елдіктің мызғымас тұғыры екенін атады.

Расында қазақ қоғамы мыңжылдықтар көшінде

небір қиын-қыстау кезеңдерді бағындыруда қайырымдылық принциптеріне негізделген асар әдісі шешуші рөл атқарды. Қостанай облысында тілсіз жау – өрт жалмаған елді мекен тұрғындарына қолдау көрсету мақсатында жер-жерде арнайы штабтар құрылып, қайырымдылық акциясы басталып кетті. Арыс қаласындағы жарылыс, Мақтааралдағы сутасқыны және т.б. тосын жағдайлар кезінде Үкімет пен жергілікті биліктен бөлек, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегенді ұстанған ел азаматтары волонтерлік қызмет көрсетіп, елдің еңсе тіктеуіне үлес қосты, – деді әкім орынбасары.

Естеріңізге болса, екі жыл бұрын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Bigemiz» атты республикалық Волонтерлер фронт-офисін ашып, еріктілер қозғалысының дамуына мемлекеттік деңгейде жағдай жасады. Волонтерлерді дайын-

дау үдерісі және олармен жұмыс істеу тәжірибесі туралы «Астана жастары» ресурстық орталығы еріктілер қозғалысын дамыту бөлімінің басшысы Эльвира Есмұханова:

– Қоғамның ілгерілеуін волонтерлік қозғалыстың белсенділігінен байқауға болады. Нұр-Сұлтан қаласында соңғы 10 жылда волонтерлік қозғалыс қарқынды дамып, ай сайын 30-40 мың жастар волонтерлік қозғалысқа қатысады. Жалпы белсенді 5 мың волонтер аптасына 2-3 іс-шараға қатысады. Олардың арасында мектептің жоғары сынып оқушылары, колледж және ЖОО студенттері бар, – деді.

Волонтер жастар елдегі іргелі бастамаларды қолдап, халықаралық іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуіне үлес қосады. Басқосу барысында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі ерікті жастардың қосатын қомақты үлесі туралы да сөз болды.

Талғат ЖҰМАТАЕВ, №2 көпбейінді ауруханасы директорының емдеу-алдын алу жұмысы жөніндегі орынбасары:

ҰЛТ САУЛЫҒЫ – БАСТЫ МАҚСАТ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің кезекті Жолдауында көпшіліктің көкейінде жүрген түйткілді мәселелерге кеңінен тоқталды. Әсіресе, ұлт саулығын жақсартуға айрықша мән берілді.

«Еліміздің басты құндылығы – адам» екенін ескере келе, Президент денсаулық сақтау саласында біраз реформа жүргізілгенін, дегенмен оның жағдайы әлі де маз емес екенін, жылдар бойы қордаланған түйткілдер бір мезетте шешілмейтінін атап өтті.

«Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды. Сондықтан аса маңызды мәселелерді ретке келтіруге баса мән берген жөн. Соның бірі – қаржыландыру жүйесі. Осы салаға қаржының жеткілікті бөлінбеуі қалыпты жағдайға айналған. Соның кесірінен жұрт сақтандыру жүйесіне қосылса да, медициналық қызмет толық көлемде көрсетілмей отыр» делінген Жолдауда.

Расында да, бұл мәселе халық арасында көптен бері айтылып жүр. Меніңше, ерікті медициналық сақтандыру жүйесін енгізетін уақыт әлдеқашан жетті. Бұл ретте Мемлекет

басшысы Үкіметке денсаулық сақтау саласын және жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру жүйесін қайта қарауды тапсырды. Сонымен қатар, телемедицина бағытын дамытудың маңыздылығына тоқталды. Сол арқылы шалғайда тұратын халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетілетін болады. Бұл, әрине, өте қуанышты жағдай. Ауылдағы ағайынды былай қойғанда, қаладағылардың да кейбіреулерінің денсаулығына дұрыс қарамайтыны жасырын сыр емес. Шалғайдағы елді мекендерде медициналық инфрақұрылымның дұрыс жасақталмағаны шындық. Осы жағдайға баса мән беріп, жолға қою өте маңызды.

Ұлттық жоба аясында 32 аудандық аурухана заманға сай жаңарып, енді ауданаралық көпбейінді мекемеге айналады. Онда инсульттен емдеу орталықтары, хирургия, жансақтау және оңалту бөлімдері ашылады. Бұл төрт миллионнан астам адамға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттырады. Мұның бәрі ұлт денсаулығын сөз жүзінде емес, іс жүзінде жақсартуға бастайтыны белгілі.

Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты

дамиды. Қазіргі заманғы жоғары технологиялық медициналық жабдықтармен жабдықталған көпбейінді ауруханамызда жақын және алыс шегелдердің жетекші клиникаларында біліктілігін арттырған медицина ғылымдарының профессорлары, доценттері мен кандидаттары, жоғары және бірінші біліктілік санаты бар дәрігерлер жұмыс атқарады. Өзім осы салада жиырма жылдан астам уақыт еңбек етіп келе жатқандықтан, медицинаға қатысты мәселенің бәрі мені қатты толғандырады.

Жаңа Жолдауда Мемлекет басшысының денсаулық сақтау саласы мамандарының білімін жетілдіруге гранттар бөлуі мені ерекше қуантты. Атап айтқанда, жоғары оқу орнын бітірген медицина қызметкерлері біліктілік талаптарын аттыру үшін резидентурада оқуы тиіс. Бұл олардың кәсіби деңгейін шыңдайды. Міне, осыған бөлінетін грант көлемі 70 пайызға дейін артатын болады. Осы гранттар негізінде енді көптеген медицина қызметкерлері біліктіліктерін арттырып, тұрғындар денсаулығын жақсартуға қызмет көрсете береді. Ұлт саулығын жақсартуды жүзеге асыруда алдағы уақытта баршамыз бірлесіп жұмыс атқаратын боламыз.

Қазақстан Республикасының Президенті ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ

Ашығын айтуымыз керек, Үкіметтің жұмысында қайта-қайта олқылықтар болып жатыр. Біресе жанар-жағармай, біресе шекер жетіспейді. Осының бәрі Үкіметтің нақты шешім қабылдауға келгенде өте баяу қимылдап, батыл қадам жасай алмауынан болып отыр. Мұндай жағдайға азаматтардың да көңілі толмайды. Әрине, бұл – орынды. Сондықтан, дәл осылай жалғаса берсе, тағы да нақты кадрлық шешімдер қабылдауға тура келеді

Жанаргүл РАХМЕТ, көпбалалы ана:

ЕРТЕҢІМІЗГЕ СЕНІМ ҰЯЛАТАДЫ

– Президент Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған әлеуметтің маңызды мәселелерінің қатарында қарастырылған жағымды жаңалық бәрімізді елең еткізді.

Бұрындары бай-қуатты елдерде сәби дүниеге келісімен қомақты қаржысы да қоса ашылып, сол елдердің үкіметінің белгілі бір соманы шегеріп, балаларға есепшот жасайтыннына таң қалушы едім. Президентіміздің бүгінгі Жолдауында «Балаларға арналған ұлттық қор» бағдарламасының алдағы уақытта іске қосылатыны туралы

айтылды. Ұлттық қордың жылдық инвестициялық кірісінің 50 пайызын 18 жасқа дейінгі балаларға арналған арнайы жинақ шоттарына бөлу туралы шешімге анасы да, әжесі де дән риза болары анық. Ең бастысы, мерзімінен бұрын алу құқығынсыз! Әрбір отбасы дерлік баласы көмелетке толған кезде қаражат қажеттілігі қинайтыны белгілі. Балаға білім болсын, баспана болсын, аяғынан тұрсын дегендей міндеттерге мол қаржы керек. Осындай жағдайда септігін тигізетін қор туралы Президентіміз былай деп айтты:

«Біз Ата Заңымызда жер мен табиғи ресурстар

халықтың меншігі деген басты қағидатты бекіттік. Бұл – құр сөз емес. Бұл – барлық реформаның арқауы. Әрбір отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көруі керек. Сондықтан мен жариялаған Балалар жылының аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты мүлде жаңа бағдарламаны жүзеге асыру өте маңызды деп санаймын. Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын

есепшоттан шығарып алуға болмайды. Жинақталған қаржы балалар көмелет жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалады. Бұл қаражат баланың үлкен өмірге қадам басына мүмкіндік береді. Қор, шын мәнінде, ұлттық мәртебеге ие болып, халқымыздың игілігіне қызмет етеді. Бастаманы мұқият әзірлеу қажеттігін ескере отырып, жобаны 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосуды тапсырамын».

Демек, балалар болашағын қамқорлық жасайтын жаңа бағдарлама мен сияқты аналардың көңіліне де сенімділік сыйлағандай.

№105 (4383) 06/09/2022 Сейсенбі



ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТІ АУЛАЛАР

қала экологиясына оң әсер етеді

Елордада «Халық қатысатын бюджет» жобасын жүзеге асыру жалғасуда. Осылайша, қаладағы барлық аудандардың аумақтары тұрғындардың бастамалары мен ұсыныстары негізінде дамып, абаттанып келеді.

Гүлбаршын ӘКЕШҚЫЗЫ

Қанатқақты жоба 2019 жылы алғаш рет қолға алынған болатын. Оны қаланың белсенді тұрғындары қызу қолдады. Аудан әкімдіктерінің сайттары арқылы ұсынылған жобалар халықтың талқысына түсті. Бүгінде жоба қай деңгейде жүзеге асырылып жатқаны және қай аудаларда абаттандыру жұмыстарының аяқталғаны жөнінде төменде аз-кем тоқталуды жөн көрдік.

САРЫАРҚА АУДАНЫНДА

Тұрғындардан 70 өтініш келіп түскен. Сапартау кеңесінің шешімімен олардың 23-і: 100 пәтерден аз тұрғын үй кешендеріндегі 10 аула және 100 пәтерден көп тұрғын үй кешеніндегі 13 аула бойынша жобалар мақұлданды. Соның бірі – «Арман ауласы» жобасы. Бұл Жеңіс даңғылындағы 26 А және Желтоқсан көшесіндегі 27/1 мекенжайда орналасқан үйлердің тұрғындарынан түскен өтініш еді. Тұрғындардың айтуынша, бұл жерде жас отбасылар көп, әрқайсының 3-4 баласы бар. Олар үшін бұл маңда ойын алаңы қарастырылмаған. Сондай-ақ аулада үлкендердің де демалатын орны болмаған. Сондықтан тұрғындар аулаға заманауи жабдындармен және ойын алаңымен жабдықталған балалар алаңқайының, ересектер демалып, қолы бос кезде оңімелесіп отыратын орындықтардың, жаттығу кешенінің қажеттігін алға тартқан болатын. Бүгінде жаңартылған алаңда балалар қуана асыр салып ойнап жүр. Жөндеуден кейін мұнда жасанды көгалдар мен заманауи демалыс орны пайда болды.

Жеңіс даңғылы, 26 А мекенжайында орналасқан үйге қызмет көрсететін «Скиф» МИБ-нің төрағасы Ғалымжан Тәуекелов «Халықтың бюджетке қатысуы» жобасы негізінде жоспарланған жобалар тегіс орындалғанын, ең бастысы, тұрғындар риза екенін жеткізді.

– Байқауға алғаш рет қатысып отырмыз. Әлімаш Жакьянова, Светлана Синь-



кевич, Әсем Жанғулина, Валерий Тащилина секілді белсенді тұрғындардың арқасында қазіргі уақытта жалпы жұмыстар аяқталды. Бұл ретте азаматтардың пікірлері ескерілді. «Скиф» ТК тұрғындарының атынан Сарыарқа ауданы әкімінің орынбасары Марсель Ұзақов, абаттандыру және қоғамдық кеңістікті дамыту бөлімінің бас маманы Бағжан Сабденов, «New level» ЖШС мердігерлік ұйымының өкілі Ерлан Боқаевқа алғысымызды білдіреміз, – деді Ғ.Тәуекелов.

Абай даңғылы, 1 мекенжайында орналасқан үйде де көпбалалы отбасылар басым болып шықты. Олар үнемі өз күшімен сенбіліктер, ауланың сыртқы келбетін безендіру, көгалдандыру жұмыстарын жүргізеді. Дегенмен, осы үйдің ауласында балаларға арналған заманауи ойын және спорт алаңдары болмаған, сараптамалық кеңестің шешімімен «Қуаныш аумағы» жобасы мақұлданғаннан кейін бұл маңда қарттар мен жастарға арналған орындықтар және шатырлар қойылып, бүкіл ойын алаңының аумағында қауіпсіз резеңке жабын пайда болды. Қазір балалар жаңартылған алаңда алаңсыз асыр салуда.

– Тұрғындардың тілегімен ауламыздағы балалар алаңы түбегейлі өзгерді. Жобаны өзіміз жасадық, кейін тұрғындармен келістік, нәтижесінде ауламыз ажарланып шыға келді, – деді Абай даңғылындағы №1

үйдің МИБ төрайымы Елена Кожниязова.

АЛМАТЫ АУДАНЫНДА

«Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында аудан тұрғындары 53-тен астам жобалық ұсыныстар берген болатын. Олардың 23-і мақұлдаудан өтті. Соның ішінде балалар алаңдарын абаттандыру бойынша ұсыныс көп болды, ал қалғандары аулаларды жарықтандыру және көгалдандыру мәселесін ұсынды. Мәселен, Момышұлы даңғылындағы №19 үй тұрғындары аулада балалар тым көп болғандықтан, жазда ойын жабдықтар олардың барлығына бірдей жетпейтінін, сонымен бірге спорттық тренажерлердің және жаяу жүргіншілерге арналған тротуардың қажет екенін алға тартты. Аудан әкімдігі тұрғындардың өтінімін мақұлдап, тез арада ауланы абаттандырды. Енді осы маңда тұратын балалар әсіресе спорттық жаттығулар жасап, бос уақыттарын тиімді өткізуге мүмкіндік туғанына мәз. Жаяу жүргіншілердің де тілегі ескеріліп, бүгінде бұл аула барлық жастағы адамдар үшін тартымды орынға айналды. Осы үйге қызмет көрсететін «Жәрдем-Удача» ПИК-нің төрайымы Гүлнар Ластаева тұрғындар атынан аудан әкімдігіне ризашылығын айтты.

Қобыланды батыр көшесіндегі №7 үйдің ауласы да тұрғындар тілегімен қайта жаңғыртылды.

– Осы маңдағы мешіттің жанында бос орын болатын, «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында мұнда орындықтар мен балалар алаңы бар саябақ жабдықталды. Сондай-ақ жарықтандыру мәселесі толығымен шешілді. Алдағы уақытта ауламыз бұдан да жақсы болады деген сенімдеміз, – деді Үй басқарушысы Роза Маханова.

Оның айтуынша, бұл үй ескі және апатты жағдайдағы үйлерді бұзу бағдарламасы аясында салынды. Аудан тұрғындарының ұсынысымен осы аумақта жылы аялдама орнатылып, футбол алаңының едені өзгертілді, футбол

қақпасы дәнекерленді және ағаштар отырғызылды.

БАЙҚОҢЫР АУДАНЫНДА

Ағымдағы жылы әкім аппаратының ресми сайтына «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша аудан тұрғындарынан 29 ұсыныс түскен. Дауыс беруден кейін 15 жетекші жоба іріктеліп алынды, оларды іске асыру

асфальт төселіп, көгалдандыру жұмыстары, қосымша жарықтандыру нүктелері жүргізіледі.

Ақмешіт көшесі №7 мекенжайында «Трация» тұрғын үй кешенінің тұрғындары әкімдікке өздері ұсынған жобаның мақұлданып, нына әу бастан сенді. Қазір олардың алаңында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Аула бойынша демонтаждау және сырлау жұмыстары аяқталды, шөп, шағын сәулет нысандары мен тренажерлер әкелінді. Жөндеуден кейін Сығанақ көшесі бойында орналасқан «Жеті бөшке» тұрғын үй кешеніндегі № 21, 23, 23/1,

25, 25/1, 25/2, 27 үйлердің тұрғындары заманауи және жайлы қалалық ортаны қалыптастыру мақсатында аула аумағын абаттандырып, ауланың эстетикалық келбеті қалыптастырылады. Тұрғындар тілегін ескере отырып, аудан әкімдіктері балалар мен спорт алаңдарын жаңартып, тротуарларды брусчатқалармен жабу және қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, сыртқы желілердің құдықтарын жақсарту, орындықтар мен урналар орнату, аула аумағының сыртқы жарықтандырыуын орнату, көлікке арналған тұрақ орындарын жоспарлау және велопаркваларды жабдықтау, жасыл желектерді үйлесімді отырғызу, ауланың өту жолдарының жабындырын жөндеу, бордюр тасын бөлшектеу және орнату, сондай-ақ жаңа асфальт төсеу, жер асты қоқыстарын жинау және сақтау технологиясы бар жаңа типтегі контейнерлерді орнату жұмыстарын одан әрі жалғастырады. Осылайша, бас шаһардың төрт ауданының да аулалары заман талабына сай жаңартылады.

Елордада қаланы көгалдандыруға да ерекше көңіл бөлініп келеді. Биыл өткен жылдағыдай 1 млн-ға жуық жасыл желек отырғызу жоспарланған.

– Көгалдандыру жұмыстары қаланың барлық аудандарында, соның ішінде тұрғын үй массивтерінде, саябақтарда, қоғамдық кеңістіктерде және т.б. жүргізілуде. Мәселен, ботаникалық бақта өткен жылы тағы 5 мың ағаш отырғызылды, ағымдағы жылы тағы 3 мың ағаш отырғызу жоспарлануда, – деді «Астана-Зеленстрой» ЖШС басшысы Айбар Наурызали.

Алматы ауданы әкімдігінің өндірістік-техникалық бөлім басшысы Аслан Бисеуловтың мәлімдеуінше, ағымдағы жылы аталмыш ауданда 500 мыңға жуық гүл егіледі. Атап айтсақ, Б.Момышұлы ескерткішінің жанындағы саябақтарда, «Отан қорғаушылар», «Жерұйық», Оқушылар сарайының алдында, әл-Фараби көшесінде, Абылай хан және Р.Қошқарбаев даңғылында, Қ.Мұңайтпасов көшесінде, «Қазақ елі» алаңында және т.б. көрнекі жерлерде гүлзарлар орналасады. Жалпы гүлбақтар ауданы 10 мың шаршы метрден асатын аумақты қамтиды. Кезгін жауын алатын көрікті гүлдермен қоса, биыл осы ауданда 6 мыңнан астам ағаш отырғызылады деп жоспарланып отыр. Алдағы уақытта қаладағы саябақ, көше мен жол жиегі аққайың, қарағай, терек, емен, жұпаргүл секілді жасыл желекпен көмкеріледі.

ЕСІЛ АУДАНЫНДА

Ең көп өтінімдерді Есіл ауданы қабылдады. Олардың жалпы саны – 75. Дауыс беру арқылы 52 аула аумағын қамтитын 42 өтінім іріктеліп алынды, онда футбол, волейбол, балалар алаңдары, тренажерлер орнатылады,

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫ ҚАЛАЙ БАСҚАРЫЛАДЫ?

Қалалық МИБ орталығының мамандары «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қорымен бірлесіп, 10-11 қыркүйекте тұрғын үй қорын басқарушылар үшін курстар өткізеді.

МИБ орталығының жетекшісі Гүлмира Әбетованың айтуынша, аталмыш іс-шара мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші адамдарға тұрғын үй коммуналдық шаруашылық қызметі саласында білім беру көмегін көрсету және қолдау мақсатында өткізіледі.

– Сабақтар қалалық тұрғын үй орталығының базасында ұйымдастырылады. Курс барлығына 8 сағаттық теорияны қамтиды. Көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару саласында өз бағытын ашу мақсатында оқуын жалғастырығысы келетіндер үшін қосымша 40 сағаттық тәжірибе қарастырылған, – деді қалалық МИБ орталығының жетекшісі Гүлмира Әбетова.

Тұрғын үйлерді басқару қызметі МИБ-ті құру құралдары мен ережелерін зерттеу арқылы жүзеге асырылады. Курс барысында тыңдаушылар жаңа басқару нысанын тіркеу үшін қандай құжаттарды дайындау керектігімен, сондай-ақ көп пәтерлі тұрғын үйлерді басқару және күтіп ұстау бойынша қызметтерді ұсыну кезінде тұрақты негізде қандай міндетті

іс-шараларды жүргізу керектігімен егжей-тегжейлі танысады.

– Қатысушылар алдымен 40 сағаттық практикадан өтеді. Содан кейін өз бетінше дамып, ыңғайлы жұмыс кестесі бойынша өздері үшін қосымша табыс көздерін құра алады, – деп толықтырды Гүлмира Әбетова.

Тұрғын үй қатынастары саласындағы білім бүгінгі күні сауатты азаматтық қоғамды дамытудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Сондықтан жаңа басқарушылар осы салаға қатысты барлық мәселелерді және оларды шешу жолдарын, әсіресе заң, қаржы, бухгалтерлік есеп, IT, психология, менеджмент, құжат айналымы және басқалар сияқты әртүрлі салаларды білуі қажет. Мамандардың мәлімдеуінше, алдағы сенбі-жексенбі күндері өтетін оқу барысында тыңдаушылар дәл осы мәселелерді меңгеретін болады.

Мүгедек балалары бар немесе тәрбиелеп отырған мүлдем туғалардың осы курстарға жазылуы үшін 8-777-991-91-75 телефоны бойынша хабарласуға болады.

КӨГІЛДІР ОТЫН – ТАЗА АУА КЕПІЛІ

Жыл басынан бері Нұр-Сұлтан қаласының Сарыарқа ауданында газдандырылған нысандар саны 80 пайызға артты. Осылайша, аудан аумағындағы 2 308 нысан көгілдір отынмен жылытуға көшті.



Аталмыш ауданда тағы 698 нысанның газға қосылуы үшін техникалық шарттар берілді. Жалпы, аудан бойынша барлығы 5141 абонентті көгілдір отынға ауыстыру қарастырылған.

Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының бас маманы Арман Әжікеновтің айтуынша, тұрғын үй алаптарындағы жеке және көппәтерлі үйлерге және көппәтерлі үйлерге және көппәтерлі үйлерге арналған газбен жылытылатын болды. Тағы он әлеуметтік нысанды көгілдір отынға қосу үшін бүгінгі таңда оларды іске қосу жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

– Тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды газға қосу үшін қала әкімдігімен бірлесіп бірқатар жұмыстар жүргізілді. Мысалы, әлеуметтік көмек мөлшері 90 АЕК-тен 130 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Енді үйді газға қосу үшін белгіленген санаттағы абоненттер 413 400 теңгеге дейін біржолғы төлем төлейтін болады. Егер 2021 жылы 77 адамға әлеуметтік көмек көрсетілсе, 2022 жылдың сегіз айында 102 өтініш берушіге осындай көмек көрсету мақұлданды. Сонымен қатар, Halyk Bank газға қосылу үшін тұрғындарға пайызсыз несие береді. Сондай-ақ экологиялық таза отынға көшу үдерісін неғұрлым жеделдету үшін қажетті құжаттар саны екі есеге қысқартылды, – деді А.Әжікенов.

Сала мамандары елорданы толық газдандыру атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын бәсекеге дейін төмендететінін мәлімдеді.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ БІРТҰТАС АЛАШ ИДЕЯСЫ



Қазақ ұлтының өмір сүру-сүрмеу мәселесі бауыздар алқымға тіреліп, оның жер бетінен мүлдем жойылып кетуінің нақты қаупі төнген 1902-1905 жылдар аралығындағы қоғамдық ой мен халықтық қозғалыс тұсында тұтанған, содан кейінгі он жыл ішінде әртүрлі деңгейдегі манифестер мен ереуілдер арқылы, ең соңында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қарулы қанды кешуінде сынақтан өтіп, жазалау мен жаныштауға, тұқымын құртып, үбірін үзуге (геноцид) қарсы қасарыса жүргізілген аса ықтиятты саяси күрес нәтижесінде екшеліп, 1917 жылы «Алаш» партиясын құру арқылы нақты мемлекеттік құрылымның негізін қалаған Біртұтас алаш идеясында әрбір алаш қайраткерлерінің демі мен аңсары бар.

**Тұрсын ЖҰРТБАЙ,
филология ғылымының докторы,
профессор**

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың тергеушіге берген жауабындағы: «Мен сырмыды екі-ақ адаммен бөлсе аламын. Олар – Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов» деп айтқанына жүгінсек, онда Біртұтас алаш идеясының ілхамында Ахаңның да, Ахмет Байтұрсыновтың да рух шапағаты бар. Бұл арада 1905 жылғы Сәлімгерей Жантөриннің «Автономия» атты еңбегі мен 1905 жылғы 19 қарашада автономияшылдардың І съезінде жасаған Мұхамеджан Тынышбаевтың «Қазақтар және азаттық қозғалысы» атты баяндамасынан басталатын, Әлихан Бөкейханов жинақтаған ұлттық тәуелсіз сана туралы тарихи тәпсірлерді қазбалап жатпаймын. Бұл идеяның тұғырын Әлихан Бөкейханов саяси тұрғыдан қалыптастырса, Ахмет Байтұрсынов соның идеялық негізін тікелей орнықтырды деп есептеймін. Тақырып тәмсілінің тәспіріне орай, ұлттық идея – Алаш идеясы және Ахмет Байтұрсынов деген мәселеге, соның ішінде Ахаңның тікелей алғауы мен талғауы арқылы байыпталған, былтыр мен биылғы жылдың басты тақырыптары болып отырған бір-екі шағымды мәселеге қысқаша ғана тоқталып өтемін.

Сонымен, сіздерге жақсы таным, 1917 жылғы шілде-тамыз айларының өліарасында Жалпықазақтық І құрылтай шақырылып, «Алаш» партиясы тарих сахнасына шықты. Сол құрылтайда «Алаш» партиясының Жапония үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру

тұжырымының бес түрлі ұстанымы негізделді. Менің ойымша: алаш идеясының осы тұғырлы бес ұстанымы – қазақ мүддесін көздеген мәңгілік ұстаным және «мәңгілік елдің» мәңгілік кепілі сияқты. Алдын ала ескерте кетейін, байсалды тақырыпты бүгінгі күннің кебімен жанамалата салыстырып, неге шешенсіп кетті деп жазғырмаңыздар, өйткені Біртұтас алаш идеясы қазақ мемлекетінің бүгінгі мен ертеңінің кәдесіне жарамаса (орындалып кетсе, әрине, ғажап болар еді), онда ол «өлі идея» ғана болып қалар еді. Сондықтан да Ә.Бөкейханов тұжырымдаған ұстанымды тиянақтаған. А.Байтұрсыновтың пікірінен қысқаша үзінді ала отырып, оны бүгінгі күнгі күйі көрінісімен астарластыра сабақтаймыз.

Сонымен, Біртұтас алаш идеясының бірінші ұстанымы: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмейді».

Яғни, бұл ұстаным: Жер – Отан, ал Отанды сатуға да, жекеменшікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың тері мен қаны төгілген деген тұжырымға саяды. Жер мәселесі бүгін де ұшынып та, ушығып та тұр. Ол әзірше ғана мұқым қауы мен талғауы арқылы қазақтың көкірегіне түскен шоқ сияқты қызылшоқтанып, шыжылдата күйдіріп отыр. Ал жалпы билік үшін атылатын күні ғана белгіленбеген жанартау іспетті. Жерге қатысты мемлекеттік, саяси және экономикалық тәуелсіздік туралы пікірлерді Ә.Бөкейхановтың барынша батымды және батыл дәлелдері тұжырымдап берген болатын. Ал Ахмет Байтұрсынов мұны «Қазақ жерін алу турасындағы нызам» атты еңбегінде одан әрі тамырлата дамытып,

қазақтың басынан кешіп отырған күйкі тіршіліктен нақты мысалдар келтіріп, дәлелдей дәйектеді.

Мәселен, ол «Қазақтың жерін алу турасындағы нызам» дағдарыс тұсында жазған қолемді мақаласында: қазақтың жері қалай меншіктелуі тиіс және оны кімдердің иеленуі керек екендігін талдамас бұрын: «Қазақ пайдасындағы жерлерді алады, қыстауларынан көшіріледі, қай жөнімен алып, қай орынға көшіреді – оны қазақ білмейді (былтырғы Жер сату туралы заң жобасы мен былтыр кете жаздаған Конституцияның 26-бабындағы «әлдекімдерді» әркімнің қатарына қосу туралы өзгерістің астары).

Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қалдыру керек» болатын.

Яғни, бұл өз жерінің игілігін әуелі өз елі игілігіне айналдырсын, одан асса ғана жатқа салауат деген емеурінді танытады. Жердің астына, үстіне, аспанына иелік ете алмасаң ырықтың кеткені сол емес пе?! Ахмет Байтұрсынов мұны жоғарыдағы «Қазақ жерін алу турасындағы нызамда»: Қазақ пайдаланып отыр-

мейді... Қыстау салған жерлерінен айырылып (біздің жағдайда – ауылдан көшіп), қыстайтұғын жаңа жерді обществоға бермей (біздің жағдайда қалаға көшіп келген шаңырақсыз «Шаңырақтың» үйсіздеріне), жер алып беріп орналастыруға міндетті мекемелер мен оған қабырғасы қайысып қайғырмай, екі жыл, үш жыл, төрт жыл пішен шаба алмай, егін сала алмай, отырарға орын таппай (Біздің жағдайда үй салуға жер таппай жиырма-жиырма бес бас панасыз жүрген) сандалып жүрген қазақтарды көз көріп тұр.

...Қазақтардың пайдасындағы жердің артығын алу турасында шыққан нызам, бұйрықтардың ең әуелгі блуге керекі 1909

жылы 9 июньде (Россияның) Министрлер Советі ұнатып шығарған насихат бұйрық». (Біздің жағдайда – Былтырғы Жер сату туралы заң жобасы мен былтыр өтіп кете жаздаған Конституцияның 26-бабындағы «әлдекімдерді» әркімнің қатарына қосу туралы өзгерістің астары).

Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қалдыру керек» болатын.

Яғни, бұл өз жерінің игілігін әуелі өз елі игілігіне айналдырсын, одан асса ғана жатқа салауат деген емеурінді танытады. Жердің астына, үстіне, аспанына иелік ете алмасаң ырықтың кеткені сол емес пе?! Ахмет Байтұрсынов мұны жоғарыдағы «Қазақ жерін алу турасындағы нызамда»: Қазақ пайдаланып отыр-

жер, иә қолдан суарса (пайдалануға) жарағандай жерлер қазақ пайдасына (және) сол жердегі жұмысқа (Біздің жағдайда қазақ емес ұлттарға, яғни, Халық ассамблеясының өкілдеріне) анте (ренте) мөлшерімен қалынады. Бұл ретте қазақтың жалға бермей, өз еңбегі сіңген жерлердің бәрі де ықтималына қазаққа қалатұғын жер есебіне кіруі керек; д) адам қойылып келе жатқан зираттар, халық қадірлейтін молалар, нызам жолымен салынған мешіттер, шаруа керегіне, иә өздері тұруға қазақтың уақытша салған қора-қопсы, үйлері, тұрған жерлерді алуға бұл уақытша салған нәрсе тоқтау болмайды». (Біздің жағдайда жер туралы заңда және жүзеге аспай қалған кейінгі жерді сату туралы заң мен Конституцияның өзгеріске енгізуі тиісті 26-бабының жобасында мұндай киелі де кепіетті қасиеттер ескерілді ме екен. Әй, қайдам.

Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни, толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді.

Абайдың: «Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң: атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып тірлік қылады. Бірлік сатылса – антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек» дегендегі бірлік – осы экономикалық бірлік. Ал мұны Ахмет Байтұрсынов мұны аталған мақаласында: «Жер үлесін ант (рента, жалға) сыбағасыменен

алғандықтан (20-21-бап пункттердегі) артылып қалып, патшалыққа кететұғын жерлер (біздің жағдайда кімге кететұғыны белгісіз) қазақты тегіс орналастырып, жер ретін (рентін) әбден түзегенге шейін жерлес үйлердің (отырғандардың), ауылдардың пайдасында болады» тиянақтайды.

Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек, яғни, Х.Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек, «ұлттық мәдениет үстемдігі сақталуы» тиіс болатын.

Бұл – А.Байтұрсыновты «ұлт ұстазы» атандырған ұлы ұстанымның қорытынды тұжырымы. Оның бүкіл өмірлік мақсат-мүддесі, көрген азап-мехнаты осы төртінші нысанға арналды: «Әр халық бастауыш мектепте өзінің ана тілінде оқытуы тиіс». «Малды бауыздамай сойындар, мүфтилікте қазаққа керекі жоқ, дінің жоғалу үшін екі орыс, бір қазақ болып отырындар. Тілің жоғалу үшін балаларыңды бастауыш мектептерде орыс тілінде оқытындар» деп (жатқанын) біз айтсақ, үндемек түгіл, дүнианы басына көшірер еді. Дінді керек қылмайтын шала мұсылман деп отырған қазақтар діншіл болып (біздің жағдайда заң шығарып), аузына су құйғандай болып отырған молдалар болып (дінні істер департаментінің кейбір екіүшті, үркек уағыздары сияқты), үрейсіздер батыр болып (о, «отклик» беруге келгенде алдына жан салмайтын ұлт болып алдық-ау, әсіресе, интеллигенттер), қандай біздерге әкіреңдер еді. Қазіргілер әкіреңдеп қана қоймайды, «қорлап, құл ғып жіберуге» (Абай) дайын. Бұл қорлықты несіне ашына айтып, соза берейін, өздеріңізге бастарыңыздан кешіріп жүрсіздер ғой.

Бесінші, түпкі мақсат – тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт, дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру.

Яғни, тағы да сол

Х.Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек: бұл дегеніңіз – «тәуелсіз сот құрылымы, тең және туыстық қарым-қатынастарды қамтамасыз ететін одақтық қағидаттар (заң)».

Яғни Ахмет Байтұрсынов өзінің «Закон жобасының баяндамасы» атты тәуелсіз ұстанымды көлемді еңбегінде: «Еш уақытта жазылмаған қазақ заңы басқа мәдени жұрттармен араласқандықтан быт-шыт болып жоғалды(ған). Орыстың (Жалпы ресейлік I, II низамның), казак орыстың (казактардың қазақ даласына қоныстануы мен жерге иелену құқына қатысты), ноғайдың (сол тұстағы отырықшыланған татарларға қатысты), сарттың (шариятқа негізделген Түркістанға қараған қазіргі бес облыстың қазақтарына қатысты), қытайдың (Шығыс Түркістандағы қазақтарға қатысты қолданылатын) заңдарымен қатысып, шатасып, азып-тозып болған... Жұрт рәсімінен істі қарағанда, табан тірерлік жол таба алмай, орыс заңын білмей, народный судия ақылына салынып істі тексермей, партияласының ыңғайына қарап билік айтады. Сөйтіп, биліктің әбден қадірі кетіп болған. Тәуір адамдар би болудан қашады. Егер де ондай адамдар бола қалса, әріптестерінің істеген істерін көзі көріп жерініп, биліктен безіп құтылады». Ал біздің қазіргі жағдайымызда елші болып құтылады. Себебі «Әсіресе, даулы мәселе – биліктің бұзылуына себеп болатын «аса (асыра) билік»... «Народный соттың (біздің жағдайымызда. Алғашқы Конституция мен Конституциялық сот жоғалмағанға дейінгі заң жүйесінің) жаман жағы толып жатса да, бір артық жері – қазаққа жақындығы, ықшамдығы, бөлтек-сөлетегі жоқ саралығы (еді) ... Ол істерді қазақ қалпындағы өлшеумен пішіп, қазақтың қалпымен кесерге тиіс бол(а)ды (ұмтылды)». «Жеке билік – халық ішінде инабатсыз, ақшаға, ажарға, партиялыққа сатылғыш, судия есіміне лайық емес билер жоғарыда айтылды». Ал біз көріп, басымыздан кешіріп отырмыз.

Бұл айтылған пікірлер мен ұстанымдарды таратып жатпайын. Ол – ұзақ өңгіме. Саясат, жер саясаты, экономика, заң, қоғамдық даму дегенді былай қоя тұрып, «Қазақ» газеті арқылы Ахмет Байтұрсынов тиянақтап тұжырымдап кеткен өзміздің тәуелсіз рухани тәрбиемізге тоқталамын.

«Қазақ» газеті ұлт ұйытқысы болды. «Қазақ» газеті, жоғарыдағы төртінші бапта топтастырылған қазақтың ұлттық рухани идеясының мәйегін ұйытты:

Бірінші және ең бастысы – қазақтың саяси көзқарасын оятып, Біртұтас алаш идеясын қалыптастырды.

Екінші, қазақ тілінің жазылуы мен емлесін тұрақтандырды;

үшінші, қазақ әдеби тілінің негізін қалыптастырды;

төртінші, қазақ кәсіби журналистикасының негізін орнықтырды.

(Жалғасы бар)

«Жалпы дін тақырыбына, мұсылманшылық қағидаттарына, қажылық сапар тақырыбына қалам тарту асқан жауапкершілік пен имани нәзіктікті талап етеді» деген екен Әбіш Кекілбаев. «Асқан жауапкершілік пен имани нәзіктік» Өтеген Оралбайұлының «Қағбаның қарлығаштары» атты жыр кітабының өн бойында анық сезіледі. Алла Тағала жар болып, қасиетті Қағбаға маңдай тіреп, мінәжат еткен ақынның жүрегінен жыр жауһары төгіліп жүре берген. Жыр болғанда да, парасаттылыққа, ізгілікке баулитын имани жырлар. Қағбаға барып, мінәжат еткен ақын да көп бұл күнде. Бірақ, олардың ешқайсысы да бұл тақырыпқа еркін көсіліп қалам тарта қоймаған сыңайлы. Сондықтан да, бұл кітаптың тақырыптық жағынан алғанда құндылығы өз алдына, жаңалығы бар кітап дер едік.



СЫРЫ ДА, МҰҢЫ ДА – ӨЛЕҢІНДЕ

Ақын кітабының сөзашарында: «Әлі көз алдымда, Қағбаның орталық есігі – Бейбітшілік қақпасынан кіре бергенімде оң жағымдағы биік бағандардың төбеге тірелген қойнауларынан бір топ қарлығаш ұшып шығып, қанаттары шапағатпен соғылған сәбидің алақандарындай сартылдап, көңілімді шаттыққа бөлеп, тура оң иығымның үстінен өтті. Тіпті, оң иығым қонғандай болып, сатырлап ұшқанда бір сәт абдырап, сосын өзім де солармен бірге ұшардай болып, қанатымды қомдап, жаным жадырап, ғажайып бір күйге енгенім бар. Қасиетті Құранның «Пил» сүресіндегі қарлығаштар (абабил) туралы ғаламат аяттың кейіпкерлерімен дәл осы жерде, дәл осы сәтте кездесу мен үшін теңдессіз бақыт секілді болып сезілді. Бір қызығы, қаз-қатар келе жатқан қазақстандық мұсылмандар жапырақтар сынды жыпырлап ұшқан қарлығаштарды байқамапты. Мен бұған одан сайын таңғалдым. Осы таңғалыс, түйсігіме түскен тылсым сәт кейін түсімде өлең болып туса керек» деп жазыпты. Шынында да, керемет сезім. Жыр – құпия бір әлем. Көк жүзінде қалықтаған Қағбаның ақбауыр қарлығаштары ақынның жүрек қылын шертгіп өткендей.

«Азанмен әнін бастады
Қағбаның қарлығаштары.
Армысың, әл Харам аспаны,
Иманның жаңылмастары.
Құбылаға тәжім етемін,
Қысымды жазым етемін.
Сүренің сазына орап
Жырымды жазып етемін.
Көңілден пырақ көремін
Лаулаған шырақ көремін.
Арайлы Алланың аспанында,
Азан боп әні басталғанда,
Сәждеге бірге құлайық
Қағбаның қарлығаштары» дейді ақын. Қағбаның қарлығаштарының қасиетін сезінген ақын-жүректің толғанысы ерекше. «Қағбаның қарлығаштарымен бірге сәждеге құлау» ниет-тілегі қандай көркем. Бұл – бұған дейінгі қазақ ақындарының бірде-бірінің аузына түспеген сөз. Өтеген ағаның «Қағбаның қарлығаштары» кітабына зер сала оқығанда байқағанымыз, ақын мінәжат жырлар тақырыбына ат шығару үшін емес, жан-жүрегімен сезініп ұғынғандықтан барғанын байқаймыз. Әрбір өлең жолының астарынан парасаттылықтың ішкі иірімдері, жер бетіндегі жақсылыққа құмар ақын жаны айқын көрінеді.

«Құлағымда Құранымдай сазым бар,
Көңілімде жадыраған жазым бар. Жүрегіме қонып жатыр біртіндеп Қисуға түскен алтын жазулар». Қағбаны жауып тұрған, биіктігі 14 метрдей, жоғарғы жағында арнайы алтын белдігі бар

қара мата «Қисуә» деп аталады екен. Оның төрт жағында алтын әріптермен «Алла – жалғыз, Мұхаммед – оның елшісі» деген сөз бен Құранның қасиетті аяттары жазылған. Қисуға түскен алтын жазулар ақын жүрегіне жарық, ғажайып бір нұр таратардай. Ақын әр нәрседен сыр іздегіш. Әуелей ұшқан Қағбаның қарлығаштары да, сылдырап аққан су да, жайқалған көк құрақ та бір құдіретті жырлап жатқандай сезінеді.

*«Жақпар тастың
әжімінен сырғанап,
Нұр тауынан тарап
жатқан нұр ғажап.
Күллі әлемдік
мұсылманның бірі боп
Тауға қарап телміреді
бір қазақ,
Аспан анау- көгілдір
шыт, желбіреп,
Маңдайыма мақам
болып келді леп,
Құран түскен сол
үңгірді көрсем деп
Көп үңілдім көзім жасы
мөлдіреп».*

*Ақын жаны сезімтал
және бақылағыш.
Кейде теңіздей тебіреніп, кейде
ақ жаңбырдай селдетеді жыр-күйін.
Пайғамбарымызға қасиетті кітап –
Құран түскен таудың атауы – Нұр тауы.
Мекке қаласының іргесіндегі аса биік
емес қоңыртау. Нұр тауының қасиетін
ұғу үшін де қасиет керек. Қара өлеңді
қадір тұтқан ақынның Нұр тауына деген
ынтызар-ықылас көңілінен мәйекті
жырлар тууы да заңдылықтай көрініп
кетеді. «Аспанның көгілдір шыттай
желбіреуі, құбыладан соққан қоңыр
желдің маңайдан сипап, мақам үніндей
үн қатуын» ақын образға айналдырып
жіберген.*

*«... Мұздалифа, Саналы
ойдың сарасы,
Маған бір сәт ой
тоқтатып қарашы,
Намысынан
найзағайлар тұтанған
Қазақ деген қайсар
елдің баласы. ...
Мұздалифа, Саған
жеттім. Жеткенім,
Айтатұғын
армандарым көп менің.
Бірінші арман – мәңгі
болсын азаттық
Жыртылмасын намыс
деген шекпенім.
Мұздалифа. Екінші арман –
сол арман,
Азаттығым талай ғасыр жоғалған.
Бар бақытым, бар байлығым дәл осы
Қазынам еді қорқауларға тоналған.
Мұздалифа. Үшінші арман не деңіз?
Жер аман боп қозғалмасын көк өгіз.
Үшінші арман – мәңгі болсын қазағым*

*Көкке жетсін көк байрақты
төбеміз».*

Мұздалифа – мархабаттың мекені саналады. Қажылыққа келгендер осы Мұздалифа жазығына түнеп, түнімен іштей тілек тілеп, таң намазында Қағбаға қарай бет алады. Әр адамның жүрегінде аялап жүрген арман-тілегі бар. Көк байрағы желбіреген еліміздің көсегесі көгеріп, биіктен көрінуін тілеген ақынның абзал тілегі қайсар елдің баласына тән бөрі-мінезбен осылайша ажарма жыр боп ақтарылады.

Мына бір өлеңінде ақын «Қажылық – тек өтеу емес парызды, Пенделіктен адамдыққа жорық бұл» деп өте салықалы тұжырым жасайды.

*...Ұлы қала, Сен куәсің бәріне.
Бұл қаланы – адамдықтың ары де.
Сен тұрасың жаутан қағып, Пендені,
Жартушы алмаса деп кәрінен».*

Меккенің жанарынан жыр оқыған ақынның ішкі толқынысы. «Ихраммен иман айтса бір иық, Құдіреттен көңіл күтер бір иық» деп тебіренеді.

*«Жайсаң ойдың жай қоңыр үніндемін,
Жапырақтың көз ашқан бүріндемін.
Мешіттердің есігін ашып тастап,
Құбыла жаққа қарайды бүгінгі елім».*

Имандылыққа бет бұрған еліміздің суретін сөзбен салуы да жарасымды. Бұл жыр жолдарының жөні бөлек, бұл жолдар сіздің жаныңызға қуаныш ұялатады, көркейген Қазақ елінің тыныштығына, татулықпен өмір сүріп жатқан сан ұлттың келбет-көрінісіне шүкір дейсің. Жер бетін мекендеген адамзат бір-біріне мейірім-шапағатын төксе, онда өмір мәнді болмақ.

*«Біреу бай деп мақтаймыз,
Күндейміз, һәм қызғанып.
Сыртынан кеп даттаймыз
Ішімізде мұз жанып.
Біреу оза кер алмай,
Тырысады теріміз.
Кемге көмек бере алмай,
Тарылады жеріміз.
«Біз де сондай болсақ» деп,
Сырттай күйіп-жанамыз.
Биіктерге қонсақ деп
Аласарып барамыз.
Аласарып барамыз,
Адам бүгін сұрамсақ,
Адасыңқы санамыз
Аярлықты тұр аңсап.
Сұраймыз кеп барлығын,
Ақша, мансап, даңқты.
Салмағы ауыр ар жүгін
Көтеру де қауіпті.
Алла берсе, алдың ба,
Ақ-қарасын айыршы.
Жаратқанның алдында
Адам деген қайыршы».*

Адам деген қайыршы». Адам бар жерде қызғаныш бар, өсек-ғайбат бар. Биіктеймін деп жүгіріп жүріп, аласарып қалатынын байқамау да сол пендешіліктен туады. Жалаңдаған қызыл тіл мен жайылған қолдың сұрамсақтығының

таусылмауы да – пендешіліктің ең төменгі сатысы. Барға – қанағат, жоққа сабыр тілеу – арлының қолынан келетін нәрсе. Жаратқанның алдында адамның бәрі бірдей. Ақын жырының соңында «салмағы ауыр ар жүгін, көтеру де қауіпті» екенін ескертіп өтеді.

*«Дем саламын Құранмен бұл өлеңге,
Сенбестік жоқ тштімдей мына менде.
Жер-Анаға «Табын» деп кім айтып
жүр Табынамыз өзіміз мына әлемге.
«Табын» деген тасқа да басылыпты,
Көк аспанның астына шашылыпты.
Аңғырт ойлап, асығыс байлам айтқан,
Алла, біздің кешкейің асылықты».*

Баршаға ортақ Құдіреті күшті Алла Тағала бүкіл ғарышты, тіршілікті, қиямет-қайымды жаратты. Құран Кәрімде «Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз. Әр нәрсе оған мұқтаж. Ол тумады да, туылмады. Әрі оған ешкім тең емес» делінген. Ақынның «Иә, Алла, аштым саған жүрегімді», «Мұхаммедтің үмбетімін», «Арафат аспанында», «Ұлылардың бейнеті де бес елі». «Мәуліт түні», «Сәулелі сөзге бас ұрдым», «Мұнартып тұрған Минаға келдім», «Жидда кенті – жезқанат», тағы басқа жырларында, «Өлең өзі тумайды жайшылықта» деп Мұқағали жырлағандай, ақынның өлеңмен қауышып көрісуі де ғажап

екенін сезінесің. Мына жырды Әл-Харамның иманжарығынан төгілген нұрдың ақын қаламымен жырға айналуы десек, жарасатын сияқты.

*«Бәрі жарық осында. Әл-Харамда,
Бір ғажайып жұмбақ бар аңдағанға.
Сүт саулесін жолдадым бар ғаламға.
Асыл жарық, Нұр шашқан от
күндейсің,
Көк аспанда күлімдеп көп күлгейсің.
Аспан жақта қалқыған ақ
бұлт көрсен
Өтегеннің өлеңі деп білгейсің».*

Бұрын «Өлеңнің ақша бұлтты Әбу ақын» деп еститініміз. Аманқос Ершуовтың «Ақ бұлттары» да өзінше бір әлем. Ал мына жердегі Өтеген ақынның «Ақ бұлт» теңеуі Өтеген Оралбайұлының ақындық мінезіне дәл келіп тұр. Ақынның сыры да, мұңы да, күрсінісі де – өлеңінде. Жусан деген шөп бар. Қышқылымдау жұпар иісті болып келетін жусанның емдік қасиеті де бар деседі. Әйтеуір, жусан – бағалы да, елдің бәріне ұнайтын шөптің түрі. Жусан тазалықтың, сағыныштың символындай. «Жусан иісін әкеліп маң даладан, Үлестірдім Құбыланың самалына» дейді ақын. Жусанның иісі – қазақтың иісі.

«Бір түп жусан қазақтың даласынан, Қададым мен Қағбаға-ғаламатқа. Қабылдап ал қазақтың баласынан Жусан иісін қалдырдым аманатқа». Ақынның осылайша өзінің нағыз қазақ жанын, жан сырын, ішкі толғанысын өлеңмен өрнектеген жыр жолдарында имандылық бар. Шыныдғын айтқанда, Өтеген Оралбайұлы «Қағбаның қарлығаштары» кітабында Меккеге қажылық сапарға барған кездегі көргені мен білгенін, сезінгені мен түйсінгенін ақ жібектей жырға орап, кестелі сөздің көркеміндей ғып оқырман қауымға ұсынған.

Кітапқа зәрулік жоқ қазіргі кезде. Бір-бірінен аумайтын кітаптар көп. Оқылмайтын кітаптар бар. Қолымыздағы Өтеген Оралбайұлының «Қағбаның қарлығаштары» жыр кітабы – оқылатын туынды. «Қағбаның қарлығаштары» мұсылман әлемінің қасиетті мекені – Мекке, Қағбаны тануға ұмтылдыратын, жанға шуақ сыйлайтын кітап. Қазақ жырына, қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған рухани дүние. Өзім әдебиеттің кейінгі толқын өкілі болғандықтан, имани-салауаттылық, ұждани-адамгершілік қасиеті жоғары осы кітабы үшін ақын Өтеген Оралбайұлына ҚР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Белгілі ақын, қаламгер Өтеген ағамыз 70 жасқа аяқ басып отыр. Жазарыңыз көп болсын, оқырман қауымның ықыласына бөлене беріңіз деп тілек айтқым келеді.

**Маржан ЕРШУ, ақын,
филология ғылымдарының
кандидаты**

ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІ БАСТАЛДЫ

5 қыркүйек – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Осыны ескерген ел Үкіметі 2017 жылы осы күнді Қазақстан халқы тілдері күні етіп бекітті. Биыл қазақ тіл білімі атасының 150 жылдығы елдік қана емес, халықаралық деңгейде аталып келе жатқанына байланысты бұл мерекенің мәні артып отыр. Кеше елордада Қазақстан халқы тілдері мерекесі «Тілім – тірегім» атауымен «Алаш қайраткерлері» ескерткішіне гүл шоқтарына қою рәсімімен басталды.

**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

Нұр-Сұлтан қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы тілдер мерекесін қыркүйек айы бойы өткізеді. Соның аясында оннан аса шара өткізу жоспарланған. Атап айтқанда, республикалық мобилографтар байқауы, ұлттық ойындар жарысы, қоғамдық көліктердегі қазақ өндерінің шеруі, табысты кәсіпкерлердің қатысуымен дөңгелек үстел мәжілісі, Домбыра рату, қазақша караоке кеші, қазақ тілінде еркін сөйлейтін өзге ұлт өкілдерінің жастарымен мотивациялық кездесу, телевизиялық ток-шоу, 9-11 сынып оқушылары арасындағы қалалық қоғамдық оқу байқауы, 3 күн бойы балабақша тәрбиеленушілерін қоса алғанда бүлдіршіндерді тегілерінің кейіпкерлері қатысатын қойылым, қазақша куиз интеллектуалды ойыны, қазақша кітаптардың үш күндік көрмесі өтеді. Бұған қоса, аса көрнекті жазушы, драматург, Франц Кафка атындағы Алтын медаль мен Мемлекеттік сыйлық иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Төлен Әбдіктің 80 жас мерейтойына арналған шығармашылық кеш өткізу жоспарланған. 13-17 қыркүйек аралығында «Ахаң жүріп өткен жолмен...» атты ғылыми-танымдық экспедиция өтпек. Тілдер мерекесі қала әкімдігіне қарасты барлық мекемелерде ұйымдастырылады. Қорытынды кеште жеңімпаздар марапатталады.

ЕЛОРДАҒА ШИПАЖАЙ КЕРЕК-АҚ

Елордадан отыз шақырым асқаннан-ақ, сулы-нулы жерлері демалысқа сұранып тұр. Нұраның бойындағы Қосшының, «Чистые пруды», «Green Park», «Нұра», «Тайтөбе» кешенді демалыс орындары демалушылар үшін барлық жағдайды жасаған. Астананың айналасындағы Сарыоба, Бозайғыр, Жалаңаш көлдері де осы өлкенің көркі болғанымен, айналасында демалыс орындары қарастырылмаған. Бұл өңірлерде демалыс күндері суға қармақ салып, балық аулап демалуға болғанмен, ем-дом алып денсаулықты түзеп алуға арналмаған. Сондықтан да елордалықтар жылы ауасы бар, емдік минералды суы мен буынға пайдалы балшығы бар, азғантай күнде болса да денсаулықты қалпына келтіретін шипажай іздеп, елордадан асып кетіп жатады.

Айгүл УАЙС

Оны ғылыми түрде рекреация (лат. recreatio «қалпына келтіру») – дені сау, бірақ шаршаған адамның қалыпты денсаулығы мен өнімділігін қалпына келтіру мақсатында жүзеге асырылатын рекреациялық іс-шаралардың жиынтығы дейді. Тұжырымдама демалыстың барлық түрлерін қамтиды: санаториялық-курорттық емдеу, туризм, әуесқойлық спорт, рекреациялық балық аулау және т.б. Үйден тыс демалыс: табиғатта, туристік саяхатта және т.б. демалысқа арналған кәсіпорындар санаторийлер, амбулаториялар, пансионаттар және т.б. Бұл 1960 жылдары физиологиялық, медициналық, әлеуметтік-экономикалық әдебиеттерде жұмысшылардың

күйі мен денсаулығын қалпына келтіру мәселелері бойынша қолданыла бастады.

Сонымен жағдайы келгендер «Оқжетпесті» көздейді. Әулиекөлдің жағасында сыңсыған орманның ішінде шипажайда жанға керектің бәрі бар. «Оқжетпес» емдеу-сауықтыру кешені жарты ғасырдан бері халыққа қызмет етіп келеді. Егер онда демалуға қалтаңыз көтермесе Бұрабайдың айналасында үлкенді-кішілі демалыс орындары жеткілікті. Он күнге орташа есеппен 150-200 мыңнан айналады. Бұған жатын орны, емшарасы, үш мезгіл тамағы кіреді. Көкшенің керемет табиғаты да жанға дауа дегенмен, үйренген әдетімізбен буынымыз сырқыраса Жаңақорған, Мойынтыны, асқазан ауруларына сеп болатын Сарыағаш, Арыс,

Манкент шипажайларын, түрлі жүйке ауруларына пайдасы бар родон табиғи суымен емдейтін Меркені іздейміз. Жаз болса астаналықтардың жартысы әсіресе мұғалімдер мен дәрігерлер қауымы оңтүстікке ағылады. Өйткені осы екі саланың кәсіподағының жұмысы жолға қойылған, қызметкерлерге жеңілдігі бар жолдамалар арқылы қызметкерлердің денсаулығын тыңайтып отырады.

Бұдан бөлек, бұл шипажайлардың маркетингі жақсы жұмыс істейді. Менеджерімен тікелей тілдесіп баратын мезгіліңізді айтып, брондап қоюға болады. Жағдайыңыз келіп аталған шипажайға жетіп алсаңыз, қызметіне риза көңілмен денсаулығыңызды түзеп қайтағыңызға сенімдіміз. Бәрі дұрыс болса, неге бұл



мәселені көтеріп отырмыз деген сұрақ туындайды. Расында да миллионнан астам тұрғыны бар елордалықтарға жақын жерлерден сауықтыру орындарын, жанға да қаражатқа да жайлы шипажайлар ашпақпа?! Бір «Оқжетпеске» екінші бірінің қолы жетпес.

Қала маңында бірден-саран демалыс орындарының бағасы қымбат, әрі оған барып денсаулықты қалпына келтіру қиын. Халыққа қолжетімді санаториялық-сауықтыру кешені жоқтың қасы. Одан бұрын қызметкерлердің демалысында сауықтыру қаражаты көптеген мекемелердің еңбек шартында қарастырыл-

маған. Қалалық денсаулық сақтау басқармасы емханалардың санын арттырып, дәрігерлердің жүктемесін жеңілдетумен басы қатып жүріп, «ауырмайтын жол іздеудің» бұл бағытын қаперден шығарып алған-ау.


Адам денсаулығы – ең қымбат нәрсе, оны қалпында, ауруды асқындырмай ұстап тұру үшін қосымша осындай шаралар қажет етеді. Қазіргі уақытта санаториялық-курорттық емдеудің медициналық-әлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық маңызы еселеп артауда. Сөзіміздің дәлелі ретінде айтайын, урбанизация зардабы, қалалық ортаның жағымсыз факторларының

нәтижесіндегі стресс деңгейінің артуы, қала көшелеріндегі күндіз-түні тынбайтын шу, тұрғын үйлер мен салынып жатқан құрылыстардың тығыздығы, көліктер мен құрылыстардың зиянды шығарындары, көп күш қажет ететін жұмысының жоғары қарқынды деңгейі, таң азанымен кеш батысымен шаршап-шалдығып, жұмыс орнына жетуі, тағы басқадай тірліктің түйткіліне тоқтала берсек, бір уақыт жанға тыныштық іздеп, безіп кетердей боласыз. Мұның бәрі барша адам басында бар. Екіншіше қарай, одан дәрі ішіп емделмесен, тек денсаулықты түзеп, иммунитетті арттырып қана өмірдің қай соққысына болса да қарсы тұратындай, өміріңізді жақсартпа аласыз. Оның төте жолы – шипажайлар.

Осы ретте мемлекет, қала басшылығы ауруларды емдеу мәселелерін шешуге қосымша және оңалту, сауықтыру, халықтың саулығына қол жеткізетін саламатты өмір салты ретінде басты бағыт ретінде қарап, рекреация ісін жолға қою керек сияқты.

Елордада, оның төңірегінде санаториялық-курорттық шипажайлар салынғанша, еңбек қорғау ұйымдарының бастамасымен халыққа санаториялық-курорттық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру қажет.

Кейінгі кезде «Нұр-Сұлтан қаласында бір жас бала асылып қалыпты, Алматы қаласында бір қыз жиырма бесінші қабаттан құлапты, Қарағандыда жасөспірім өзіне қол жұмсапты» деген сияқты ақпараттарды көп оқитын болдық. Біреулер «мұндай суық хабарларды бұқаралық ақпарат беттерінде мүлде көрсетпеу керек» десе, екінші біреулер «олар жаманат шақырушылар» деп журналистерді кінәлайды. Қалай дегенде де айтылған сұмдықтардың өмірде болып жатқаны рас. Тек елорданың өзінде жыл басынан бері алты адам өзіне қол жұмсап, он адам өзіне қол жұмсауға әрекет жасаған.



ЖАСӨСПІРІМДЕР СУИЦИДИ НЕГЕ АЗАМАЙ ОТЫР?

қасындағы екінші адамның басу айтуы, оны барынша сабасына түсіруге әрекеттенуі аса маңызды. Сол сияқты жеткіншек баланы да ата-анасы сабырлықпен төзімділікке тәрбиелегені, басына түскен қиындықты жасырмай айтып, кез келген жағдайда үлкендерге жүгіну керектігін түсіндіргені дұрыс екені айтылады.

Дегенмен, өткен жылы елімізде көмелет жасқа толмаған 105 жасөспірім өмірмен қоштасқан. Осылардың бірде-бірі психологке, немесе психиатрға барып көрінбеген екен. «Сонда олардың бойынан сәл де болса, ауытқушылық байқалмаған ба?» деген сауал туындайды.

Оған осы салада еңбек етіп жүрген тәжірибелі психолог Гүлмира Есімова былай дейді:

«Жасыратыны жоқ, бұл өте күрделі мәселе. Бала тәрбиесі, жеткіншектің өтпелі кезеңде кездесетін сыртқы ортаның әсерін қабылдауы негізі ата-ананың жіті бақылауында болуы керек. Өкінішке қарай, біз мұны көбіне ескере бермейміз. Содан келіп, баланың ойында не барын ата-анасы түгілі, қасында жүрген досы да, құрбысы да білмеуі мүмкін.

Томаға-тұйық жүретін балаңның бәрін бірдей дәрігерге алып бара беру де қиын. Психиатрға не-

се психологқа көрсеткен жасөспірімді олар міндетті жаратылысына байланысты. Қанша қатты сөз естіп, таяқ жесе де айнала бере оны ұмытып кететін балалар болады. Ал мұндай жағдайда дүниеден түңіліп кететін де сәттерді өмірден көріп жүрміз.

КҮЙЗЕЛІСТІ ЖАСЫРМАУ КЕРЕК

Қазір әрбір мектепте психолог бар. Бірақ одан мәселенің түйіні түпкілікті шешіліп жатқан жоқ. Көмелет жасқа толмағандардың суицидке баруының алдын алуды көздейтін арнайы бағдарлама да енгізілді. Осы тұрғыда педагогтар мен ата-аналардың сауаттылықтарын арттыру да маңызды. Психикалық қалыптылықты зерттеп, зерделеп, байқап жүретін мамандар командасына жалпы тәжірибедегі және психиатр дәрігерлер де тартылууда. Алайда қала мектептерінде психологтарға көбірек жұмыс істеуге тура келеді. Ата-аналармен жиі жиналастар өткізіп, олардан балаларын суицидтік мінез-құлыққа бейім емес пе деген тұрғыдағы анықтауға арнайы тексерістен өткізу үшін рұқсат алуы керек. Кейбір ата-аналар мұндай қадамға келіспей де жатады. Ол да ештеңе емес, кейде томаға-тұйық жүретін ба-

тыс торығуы мүмкін.

Бұл да жасөспірімнің жаратылысына байланысты. Қанша қатты сөз естіп, таяқ жесе де айнала бере оны ұмытып кететін балалар болады. Ал мұндай жағдайда дүниеден түңіліп кететін де сәттерді өмірден көріп жүрміз.

КҮЙЗЕЛІСТІ ЖАСЫРМАУ КЕРЕК

Қазір әрбір мектепте психолог бар. Бірақ одан мәселенің түйіні түпкілікті шешіліп жатқан жоқ. Көмелет жасқа толмағандардың суицидке баруының алдын алуды көздейтін арнайы бағдарлама да енгізілді. Осы тұрғыда педагогтар мен ата-аналардың сауаттылықтарын арттыру да маңызды. Психикалық қалыптылықты зерттеп, зерделеп, байқап жүретін мамандар командасына жалпы тәжірибедегі және психиатр дәрігерлер де тартылууда. Алайда қала мектептерінде психологтарға көбірек жұмыс істеуге тура келеді. Ата-аналармен жиі жиналастар өткізіп, олардан балаларын суицидтік мінез-құлыққа бейім емес пе деген тұрғыдағы анықтауға арнайы тексерістен өткізу үшін рұқсат алуы керек. Кейбір ата-аналар мұндай қадамға келіспей де жатады. Ол да ештеңе емес, кейде томаға-тұйық жүретін ба-

лаларды мәжбүрлі тексеріп, олардың өзіне-өзі қол жұмсау мүмкіндіктері басым екендігін айтқанда нақты уәжге сенбей, қасарысып тұрып алатын, «тіпті менің балама қысым жасап жүр» деп шағымданатын адамдар да бар көрінеді.

Нұр-Сұлтан қаласында жетінші сыныпқа көшкен бір оқушы «маған соңғы үлгідегі айфон алып бер» деп ата-анасына қиғылықты салған. Балконның ернеуіне асылып жетінші қабаттан секіріп кетемін деп қоқан-лоқы көрсеткен. Көптеп-көлемдеп көршілер мен ағайын туыс араласып, баланы сабасына әрең түсірген. Артынан психологтар «бұл баланың бойында суицидке бейімділік бар» дегені үшін ата-анасы «ол жай ғана балалық немесе еркелік» деп бетбақтырмай, айқай шу шығарған. Дегенмен, артынан ювенальды полиция балалар дәрігерімен бірге мектепте арнайы жиналыс өткізіп, ата-анасын баланы қатаң бақылауға алуға көндіріпті.

«Өзін-өзі өлтіру – ешкім естімейтін ішкі дүниенің жанайқайы» деген сөз бар. Сондықтан кез келген ауытқушылықтар назардан тыс қалмауы қажет.

Атыраудың бір мектебінде мынадай оқиға болыпты. Бір бала досына келіп, «мен өмірден түңіліп

кеттім. Мені ешкім жақсы көрмейді. Жақсы көріп жүрген қызым да теріс айналды. Ол менімен сөйлескісі келмейді» деп сырын ақтарған ғой. Ал ол бала сол сөзді сынып жетекшісіне айтып қойған. Жағдай тіпті ушығып кеткен. Жаңа оқушы екі күн сабаққа келмей, досына «сен сатқынсың, мен сені енді көргім келмейді» деп хабарлама жіберумен болған. Сынып жетекшісі психолог пен дәрігерді ілестіріп үйіне барса, ата-анасы аң-таң абырап қалыпты. Ал бала жуынатын бөлмені ішінен кілттеп алып, «мен өлемін, маған өмір керек жоқ» деп бақырып жылайтын көрінеді. Әрең дегенде жабылып жүріп есікті ашып, баланы сабасына түсіріпті. «Досым мені мазақ қылды» деп күйінгенімен, досының шын жанашыр екені кейін белгілі болып отыр. Егер сол досы сынып жетекшісіне ескертпесе оқиға басқаша реңк алуы да әбден мүмкін еді ғой. Сондықтан мұндай жағдайды ешуақытта жасырып қалуға болмайтыны осыдан көрінеді.

ОЙЫН ЕМЕС, НАҒЫЗ ҚЫЛМЫС

Мамандар жасөспірімдер арасында суицидтің көбейіп кетуін секта-сайттардан көреді. Құқық қорғау органдары осын-

дай келеңсіздіктердің қаншама көзін жоюға тырысқанымен, ол жеті басты аждаһадай қайтадан бас көтере береді. Интернеттегі ойындар, ержетудің белгісі ретінде өздерін-өздері сынап көруге үндейтін тест-байқаулар жасөспірімдердің өзін-өзі өлтіруге итермелейтін түрлі әдістері екені қазір айдан анық айқындалып отыр. Әсіресе, жас ерекшелігіне байланысты өтпелі кезеңде осындайлардың көрініс беруі өте қауіпті. Мәселен, жеткіншекке «сағат таңғы 4-те тұр. Айтылған жерге бар. Суретке түсіп, бізге жібер» дейді. Жіберсе, «сен үлкен сынақтан өттің, мәртебең өсті» деп мадақтайды. Бірақ «он қабатты үйдің шатырымен жалаңақ жүріп өт» деу өте қауіпті.

Не болмаса, «кеуденді қысып үш минут тұруға шыйдасан, нағыз керемет адамсың» деп кеудесін қысытырып, естен тану, қайтадан әрең есін жинау бұл ойын емес, нағыз қылмыс. Мұны жасап отырған – қылмыскер. Міне, осының бәрі интернет арқылы істеледі. Әрі мұндайға үйір болатын бойында кем дегенде бір ауытқуы бар жасөспірім. Бірақ олар сырқат ретінде бақылауға алынбаған.

«Сондықтан жасөспірімдер суицидін алдын алу үшін алты ай сайын скрининг жүргізу де ұсынылып отыр. Сондай-ақ олардың бойында өмірлік дағды қалыптастыру да өте маңызды. Өмірлік дағдылары дамыған балалар өздерін дербес, тәуелсіз сезініп, өзінің мәселелерін айналасындағылардан айыра алады. Олар белсенді, бастамашыл болып келеді әрі өзіне сенімді, ішкі бақылауын жоғалтпайтындай болып ержетеді» дейді мамандар.

Расында да жаңа жетіліп, ержетіп, бой түзеп келе жатқан ескелен ұрпаққа өзін-өзі құрметтеу сезімін оятатын мүмкіндіктер туғызса, бір нәрсеге ерекше қызығушылықтарын арттырып, сөйтіп бүгін таңда елімізде қалыптасып отырған жоғарыда айтылған келеңсіздіктерге ешқандай жол берілмес екен дейміз.

ЕСІРТКІ БИЗНЕСІ: ҰЛТҚА ТОСЫН ҚАУІП

Нұр-Сұлтан қаласында есірткіге қарсы күрес жүйелі түрде жүргізілуде. Қазір нашақорлықтың алдын алу, жастарды осы бір алапат кеселден сақтау, оған қарсы бітіспес майдан ашу құқық қорғау саласы мамандарының алдында тұрған ең маңызды міндет болып отыр. Статистика мәліметтері бойынша тек елорданың өзінде 1170 нашақор ресми есепте тұрады екен. Олардың 160-ы әйел болса, 900-ден астамы отыздың айналасындағы жастар. Бұл тек тіркелгені ғана. Ал сайда саны, құмда ізі жоқ, көше кезіп, әр жерде бір тығылып жүргендері қаншама?!

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

Жақында ғана осы тақырыптағы брифингте келелі әңгіме өрбіткен Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаменті Тергеу басқармасының бастығы Қайрат Артықов есірткі бизнесінің ұлттың саулығына, елдің экономикасына төніп отырған орасан зор қауіп екенін айта келіп, осы қылмыспен кешенді де жүйелі күрес жүргізіліп келе жатқанына жан-жақты тоқталды.

Бұрын Қазақстанға бұл зарар шетелден әкелінетін болса, кейінгі жылдары өзімізде-ақ есірткі зертханалары пайда бола бастады. Онда жастардың есіп алып, өміріне аса қауіп төндіретін «Альфа пвп» деген синтетикалық бәлекет өндірілетіні анықталып отыр.

Осыған байланысты бұл саладағы жағдай да күрт өзгеріп отыр. Нашақорлық жасарып барады. Медициналық соңғы мәліметтер бойынша он екі жасар нашақор тіркелгені бар. Оның үстіне жаңа психоперменді заттар өте арзан сатылады. Әрі оған жасөспірімдер тез бейімделіп, бір қолданғаннан тәуелділік пайда болатыны анықталды.

2021 жылы елімізде үш тоннаға жақын есірткі тәркіленсе, 2022 жылдың алғашқы жарты жылдығында тек елордада ғана 25 келі синтетикалық есірткінің жолы кесіліп, оны сатып, таратудың 169 оқиғасы тіркелген. Мұндай қылмыс түрі әсіресе, Нұр-Сұлтан, Шымкент, Алматы қалаларымен қатар Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Атырау, Ақтөбе, Алматы, Ақмола облыстарында көбірек байқалды.

Арнаулы жүргізілген шұғыл жұмыстардың нәтижесінде осындай қылмыспен тұрақты айналысып келген қылмыс әлемінің екі серкесі мен он бір есірткі саудалаушы қолға түсті. Олардан қылмыстық



жолмен табылған жиырма екі миллион теңге тәркіленді.

Кейінгі кезде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңды тұрғыда ауқымды істер атқарды. Атап айтқанда, дәріханаларда дәрілік заттар ретінде астыртын сатылатын психикалық тез әсер етуші заттарды сатуға бақылау жасауға қол жеткізді. Тіпті емдік шөптердің өзін, қосымша препараттық сипаттағы заттардың да кейбір түрлерін қазір дәріханаларда арнайы рұқсатсыз сатпау туралы бұйрықтар шығарылды. Сонымен қатар қазір күйгелектік пен күйзеліске қарсы ішетін БАД тәрізді дәрілер мен метил спиртин, эфир қышқылы мен құрамында химиялық заттары бар сұйықтықтардың да өзі бақылауға алынды.

Көпшілікке белгілі, есірткі заттары көбіне арнайы сайттар арқылы, аккаунттар мен басқа да ақпараттық ресурстар арқылы таралып жатады. Осы бағытта 2022 жылдың алғашқы жарты жылдығында құқық қорғау органдары

интернетте 400-ге тарта осындай ақпараттық бетті анықтап, тізгіндеген. Есірткі саудасымен жүйелі айналысушыларды құрықтау оңай емес. Олардың қолына түйе бойламайды. Кейбіреулері шет елде отырып, заңсыз жарнамалар жариялап, кеселді насихаттарын жүргізетіндігі белгілі болды. Жыл басынан бері осындай 48 қылмыс тіркелген.

Елімізге келген кешегі «Covid-19» індеті кезінде «жұмыртқадан жүн қырыққан» қылмыскерлер асқан пысықтық танытып, «өз өндірістерін» ашып үлгірген. Мәселен, өткен жылы Алматы қаласында Қазақстан тарихындағы ірі есірткі зертханасы анықталып, құқық қорғау органы қызметкерлері 55 келі аса күшті мефедрон есірткісін тәркіледі. Оның астыртын бағасы 2 миллиард теңгеден астам болып отыр.

Сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлері еліміздің үш қаласынан толық есірткі өндірісімен айналысып келген әрі өте күшті де қауіпті синтетикалық

заттар шығарған зертхана жабдықтарының көзін жойды.

Бүгінгі күні елімізде халықтың денсаулығына және жалпы ұлттық қауіпсіздікке төнетін жаһандық қауіп ретінде есірткі бизнесі мен нашақорлықтың өсуі алаңдатып отыр. Халықаралық сарапшылар мәселені шешудің әркімді тәсілдерін ұсынады. Әсіресе, қылмыстық заңнаманы түбегейлі қатаңдату мен жазалау шараларын күшейту көбірек айтылып жүр.

Қоғамда есірткіге қарсы күрес жүйелі және батыл жүруіне қарамастан, жасөспірімдер арасында нашақорлық азаймай отыр. Осы зұлматты нақты жою жолдары ең бірінші есірткіні тұтынуды ретінде сатып алатын адамдарға ғана емес, есірткі бизнесін ұйымдастырушыларды, таратушылар мен сатушыларды анықтап, жолын кесуге дендеп бағытталуы тиіс. Әрі бұл бүкіләлемдік дертке арнайы мамандар ғана емес, әрбір қала тұрғыны атсалысып, дендеп күрес жүргізе білгенде ғана мәселенің шешімі табылмақшы.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында жаңа судьяларды іріктеу процесін жария және әрі ашық етуді тапсырды. Бүгінде судьялар корпусын қалыптастыру рәсіміне азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері тартылғанын көпшілік қауым біле бермейді.

СУДЬЯНЫ ІРІКТЕУДЕ НЕ ӨЗГЕРІС БАР?

Судьяларды іріктеудің негізгі кезеңдерінің бірі әрбір облыстық және оған теңестірілген сот жанында жұмыс істейтін Кеңестің оң қорытындысын алу болып табылады.

Соттармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңеске отставкадағы судьялар, заң қоғамдастығының, бұқаралық ақпарат құралдарының, кәсіподақтардың, қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ ардагерлер мен қоғам қайраткерлері кіреді.

Кандидат конкурсына қатысуға арыз бергеннен кейін Кеңес кандидаттың жеке басын зерделеу жөніндегі өз жұмысын бастайды. Бұл үшін құзыретті органдар мен ұйымдардан кандидатты сипаттайтын тиісті материалдар және оның моральдық-адамгершілік бейнесін айқындауға мүмкіндік беретін өзге де ақпараттар сұратылады. Бұдан басқа, Кеңес отырысында үміткерге қатысты арыздар, шағымдар қаралады.

Материалдарды зерделеу және оларды отырыста қарау қорытындылары бойынша Кеңес дауыс беру арқылы кандидаттың моральдық-адамгершілік қасиеттерін оң немесе теріс бағалау туралы дәлелді қорытынды шығарады.

Бүгінгі күні тәжірибе көрсеткендей, елордалық сот судьясының бос лауазымына орналасуға үміткерлер жыл сайын артып келеді. Осыған байланысты, Нұр-Сұлтан қаласының соты жанындағы Соттармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңеске үлкен жүктеме түсетіні айдан анық. Кеңестің қорытындысы конкурс кезеңдерінен өту кезінде ескерілетіндіктен, Кеңес әрбір кандидатқа қатысты материалдарды мұқият зерделейді.

Кеңес жұмысы судьялар корпусының сапалы қалыптасуына ықпал етеді. Статистикаға көз жүгіртсек, 2021 жылы Кеңестің 7 отырысы өткізілді. 118 үміткерге қатысты материалдар қаралды. 110 кандидат оң, 8 адам теріс қорытынды алды.

2022 жылдың басынан бері өткізілген 5 отырыстың қорытындысы бойынша судьялыққа арыз тапсырған 76 кандидатқа қатысты материалдар қаралды. Оның 64-і оң, 12-сі теріс қорытынды алғанын айтуымыз қажет.

Ботагоз БАЯНОВА,
Нұр-Сұлтан қаласы сотының
баспасөз хатшысы

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚЫЛМЫСЫ ТОЛҒАНДЫРАДЫ

Кәмелетке толмағандар қылмысы қазір мемлекет үшін жиі кездесетін әрі шешімі күрделі мәселеге айналып отыр. Қиындығы – өмір жолын жаңа ғана бастап жатқан бозбала немесе бойжеткенді сәл шалыс басқан қадамы үшін жауапқа тартудың жауапкершілігі аса ауыр екендігінде жатыр. Мұндай қылмысты ашу, тексеру оңай емес.

Көбіне олар жасайтын қылмыстар өмірлік тәжірибенің жетіспеушілігінен, нақты жағдайға тиісті баға бере алмаушылықтан, өз күшінің мүмкіншілігін бағалай алмаушылықтан, ойлаған ойларының өмір жағдайына сәйкес келмеуінен, үлкендердің іс-әрекетін қайталаудан болып жатады немесе солай сипатталады.

Жасөспірімдердің бұғанасы қатпай жатып, басбузарлыққа ұрынуы, құқықбұзушылыққа, қылмысқа бейім болып өсуіне әсер ететін негізгі алғышарттар отбасындағы жайсыздықтар мен келеңсіздіктер, жасөспірім балаларға нашар үлгі болатын маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік, қайыршылық,

сонымен қатар отбасы тарапынан тиісті дұрыс тәрбие мен бақылаудың болмауынан екенін өмір көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік және қылмыстық заңдарымен кәмелетке толмағандар жасалған қылмыстарды тексерудің кейбір ерекшеліктері қарастырылған, сонымен қатар мұнда жас құқық бұзушыларды процессуалдық қорғау, олардың психикасын алдын ала тергеу кезінде және сотта қорғау және оларға қатысты айыптау үкімін шығару мәселелеріне назар аударылған.

Заң бойынша жасы он сегізге толмаған жасөспірім кәмелетке толмағандар қатарына жатады. Олардың қылмыстарының

криминастикалық сипаттамасы өзіне тән белгілі бір ерекшеліктерімен танылады. Мысалы, кәмелетке толмағандар топтық қылмыстарды жиі жасайды, олар кешкі мезгілде көбінесе бұзақылық, денсаулыққа зиян келтіру, тонау, қарақшылық, жеке басқа қарсы басқа да қылмыстар жасайды, ал күндіз пәтер ұрлығымен айналысады.

Кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстардың арасында ауыр қылмыстардың және пайданымсыз, зорлықпен ұштасқан қылмыстардың саны басым. Сондай-ақ осы қылмыстарда тағдырлық да, қатыгездікті те кездеседі. Қылмыстардың басым көпшілігі ортақ қатысу нысанында, әсіресе топпен жасалады, бұл



құбылыс та жасөспірімдердің психологиясына тән және әрбір үшінші қылмысты олар ересектермен бірігіп жасайды.

Қылмыстық жаза мемлекеттік күштеу шараларының бірі, әрі ол мемлекеттің қылмыстылыққа қарсы күрес жүргізу құралы ретінде қолданылады.

Кәмелетке толмағандардың ой-санасы толық қалыптасып үлгермегендіктен, бірден қылмыстық жазалау оларға өте ауыр әсер ететінін есепке ала отырып, қылмыстық заң бойынша жаза

тағайындауда да біраз жеңілдіктер қарастырған. ҚР заңдарына үшінші қылмысты олар ересектермен бірігіп жасайды. Қылмыстық жаза мемлекеттік күштеу шараларының бірі, әрі ол мемлекеттің қылмыстылыққа қарсы күрес жүргізу құралы ретінде қолданылады. Кәмелетке толмағандардың ой-санасы толық қалыптасып үлгермегендіктен, бірден қылмыстық жазалау оларға өте ауыр әсер ететінін есепке ала отырып, қылмыстық заң бойынша жаза

стандығынан айыру. Бұл жазалар тағайындалған кезде де белгілі бір шектеулер қолданылады.

Жаза тағайындаған кезде сот әрбір кәмелетке толмағанға байланысты мұқият болуы керек. Өйткені кәмелетке толмағандар қылмыс жасаған кезде, оларды бас бостандығынан айыру арқылы жазалау мақсат етілмеуі тиіс. Мұның себебі – жастайынан ұзақ мерзімге оқшауланған балалар қалыпты қоғамның өмірінен тыс қалып, өздері үшін игі әсерлі болуы мүмкін ортамен байланысын үзеді, екінші жағынан, бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі жағдайға еті үйреніп, мінез-құлқы бұзылуы, қылмыстық әлемнің келеңсіз әдет-ғұрыптарына беріліп кетуі мүмкін.

Ж.АЛПЫСБАЕВА,
Нұр-Сұлтан қаласы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі сотының төрағасы

ЕЛОРДАЛЫҚТАР ҚОСТАНАЙМЕН БІРГЕ

Елордалық өрт сөндірушілер Қостанай облысына көмекке аттанды. Қостанай облысында орман өртіне қарсы күрес жүріп жатқанына төрт тәулік болды. Елордалық ТЖД-нің 98 ержүрек құтқарушысы, 18 өрт сөндіру техникасы өрт сөндіру қызметі бастығының орынбасары полковник Р.Екишевтің басшылығымен Қостанай облысының Әуликөл ауданына өртке қарсы күресте әріптестеріне көмек көрсету үшін жолға шықты, – делінген ТЖД хабарламасында. ТЖМ хабарлауынша, Әуликөлдегі өрт аумағы 9 мың гектардан асты, орманның жалпы аумағы 40 мың гектар.

Облысқа өзге аймақтардан көмек көрсетіліп жатыр. Нұр-Сұлтан қаласы, Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстарынан өрт сөндіру құралдары мен қосымша күштер жіберілді.

Қостанай облысы Әуликөл ауданындағы орын алған та-

биғи өрт апатына байланысты Қазақстан халқы Ассамблеясы өрт салдарынан зардап шеккен халыққа көмек көрсету акциясын бастады.

4 қыркүйек күні Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және барлық облыстардың

Достық үйлеріндегі волонтерлік орталықтардың базасында қаражат пен қажетті заттарды жинау үшін жедел штабтар құрылды.

Келіп түскен ақпарат бойынша эвакуацияланған азаматтар азық-түлікпен, дәрі-дәрмекпен



және төсек-орынмен қамтамасыз етілген.

Зардап шеккен азаматтарға үйлерін, қожалықтарын, киімдері мен тұрмысқа керек заттарын қалпына келтіру қажет.

Қостанай облысы бойынша жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай жарияланды. Облыс әкімдігінің резервінен зардап шеккендерге көмек көрсетілді. Бұл – ең алдымен, жатын орын және тамақтану. 1 800 адам эвакуацияланды. Мектептерге 200-ге жуық адам орналастырылды. Көбісі қауіпсіздігін тексеріп өз үйлеріне оралды, қалғандары туыстарын паналады, – деп мәлім етті Қостанай облысы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Оқиға бойынша арнайы комиссия құрылды. Комиссия шешіміне сәйкес табиғи апаттан зардап шеккендердің (үйжайы өртенген тұрғындарға)

барлығына қажетті көмек көрсетіледі. Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов пен Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин эвакуацияланған тұрғындармен кездесті. Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Озерное ауылынан (250 адам) және Аманқарағай ауылынан сол-

түстік бөлігінен (1000 адам), Калинино ауылынан (228 адам), Лесное ауылынан (363 адам) жалпы барлығы 1841 адам эвакуацияланды. Жергілікті атқарушы органдар эвакуацияланған адамдарды Әуликөл орта мектебі мен Әуликөл мектеп-интернатына орналастыруды ұйымдастырды.

АМАНАТ ПАРТИЯСЫ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ЗАРДАП ШЕККЕН ЖӘНЕ ЭВАКУАЦИЯЛАНҒАН ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН 312 ТОННА ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖИНАДЫ. НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ТАСМАҚАМАЛЫҚ КОМИССИЯСЫ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ КӨМЕГІМЕН ТАҒЫ ДА 4,5 ТОННА БІРІНШІ ҚАЖЕТТІЛІКТЕГІ ЗАТТАРДЫ ЖИНАДЫ.



ЖӘРМЕҢКЕДЕ БАҒА АРЗАН

Жамбыл облысының ауыл шаруашылық өндірушілері Нұр-Сұлтанға 500 тоннаға жуық өнім әкелді. 3-қыркүйекте елордада өткен ауыл шаруашылық жәрмеңкесінде Жамбыл облысының өндірушілері өз өнімдерін ұсынды. Облыстың ауыл шаруашылық тауарын өндірушілер өз өнімдерін делдалсыз тікелей сатты, соның нәтижесінде өнімнің бағасы 10-20%-ға төмен болды.

Жамбыл облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ербол Жиенқұлов биыл жәрмеңкеге 423 миллион теңгеге 495 тонна өнім әкелінгенін айтты.

«Елордаға біздің өңірден 90-нан астам кәсіпкер өз өнімдерін әкелді. Олардың арасында жылқы еті, сиыр еті, қой еті, тауық еті, шұжық өнімдері, сүт өнімдері, жұмыртқа, кондитерлік өнімдер, макарон өнімдері, балық, бал және өзгелері бар.

Жамбыл облысынан әкелінген барлық өнім нарықтан 15-20%-ға төмен. Сонымен қатар, біз осы жәрмеңкеге Меркідегі зауыттан қант жеткізуді ұйымдастырдық. 10 тонна қант әкелінді, ол килограмна 480 теңгеден сатылды» деді басқарма басшысы.

Ауыл шаруашылық өндірушілері астаналықтар үшін алдағы уақытта қолжетімді бағада көкөніс пен жеміс-жидек сатуға мүмкіндік бар екенін атап өтті. Сонымен қатар, мұндай жәрмеңкелер тек тұрғындарға



ғана емес, өндірушілердің өздеріне де пайдалы. Мысалы, Мәлік Жұмағұлов өз өнімін Шу ауданының Төле би ауылынан жеткізді.

«Біз елордаға жәрмеңке басталардан бір күн бұрын келдік. Бүгін таңғы 7-ден бастап жұмысқа кірістік. Қарбыз, пияз, сәбіз, қауын жеткіздік. Біз қарбыздың килограммын 100 теңгеден сатамыз. Пияз да 100 теңгеден. Супермаркеттерде пияздың бағасы 150-160 теңге шамасында болса, біз оны 90-100 теңгеден сатамыз. Бұл жәрмеңкеге біз 11 тонна қарбыз әкелдік. Қала тұрғындары біздің өнімдерімізді ұнатып жатыр. Осыны ұйымдастырған әкімдікке ерекше алғысымды білдіремін» деді ол.

Жәрмеңкеге таңертең келген қала тұрғыны ұйымдастырушыларға алғыс білдіріп, тауарлар мен бағалар туралы өз ойын жеткізді.

«Жәрмеңкені ұйымдастырушыларға алғыс айтқым келеді. Жұрт Жамбыл облысынан жеткізілген тауарлардың сапасына өте риза. Бағалар қолжетімді. Маған қарбыз бен қауын ұнады. Сүт өнімдерінің еттің неше түрі бар. Сондай-ақ 480 теңгеден бірнеше килограмм қант сатып алдым» деді қала тұрғыны.

Елордадағы өңірлердің ауыл шаруашылық өндірушілерінің жәрмеңкесі апта сайын жалғасып жатыр. Осы аптада астаналық тұрғындарға Қызылорда облысының өнімдері ұсынылады.





КҮЙ КҮМБІРЛЕГЕН КЕШ

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Сарыарқа» фольклорлық ансамблі XXV концерттік маусымын күйші-композитор Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызының 125 жылдығы мен Қазақстанның Халық әртісі Мағауия Хамзиннің 95 жылдығына арналған «Күй ғұмыр» концертімен ашты. Кеш «Астана Опера» театрының камералық залында өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Аққыз деген атпен танымал Мүгілсім Ахметқызы – (1897–1987) Тәттімбеттің күйшілік мектебін жалғастырушы, оның «Қосбасар», «Саржайлау», «Бестөре» сынды күйлерін ұстап қалған күйші. Өз жанынан «Қайран елім», «Аққыз», «Жетім қыз», «Қосбасар», «Қоңыр күй» сынды бірнеше күйді, «Жалған-ай», «Қайран бауырларым», «Аман бол, амал қанша», «Сағыныш», «Ханшайым» әндерін қалдырды. Ал Мағауия Хамзин (1927–2000) – Аққыздың шәкірті.

«Күй ғұмыр» кешінде Аққыз бен Мағауия Хамзиннің «Қосбасар», «Жетім қыз», «Қайран елім», «Ғарышкерлер вальсі», «Белгісіз солдат», «Жайлау» сынды күйлері орындалды.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ернар Мыңтаевтың жетекшілігімен Ғ.Жұбанова атындағы Мемлекеттік ішекті аспаптар квартетінің өнері кештің ерекше көркі болды. Филармония солистері, композиторлар Арман Жайымов пен Қуат Шілдебаевтың заманауи интерпретациясында Тәттімбет пен Төлеген Момбеков күйлерін орындады.

«Екі күйшіні бір концертте біріктіргеніміз бекер емес.

Өйткені Аққыз – Мағауия Хамзиннің ұстазы. Екеуі де күйдің Арқа орындаушылық мектебінің мұрагерлері, шертпе дәстүрін жалғастырушылар. Тәттімбет, Қыздарбек, Сембек, Әбди секілді күйшілер кетіп қалғанда Аққыз олардың мұрагері болып қалды.

Концертте «Сарыарқа» ансамблі және шертпе күй шеберлері Жанғали Жүзбай, Қайрат Айтбаев, Марат Нөкеев, Ерболат Сапуанов, Амангелді Сәдуов, Рүстем Нұрқенов өнер көрсетті. Арнайы шақырылған қонақтар Аққыздың шәкірті Қалкен Қасымов пен күйші, Аққыздың жиені Болат Тәкішев қатысты. Кеш қатысушыларына Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның бас директоры Ерлан Дәкенов Алғыс хат тапсырды.

МӘМБЕТОВТІ ЕСКЕ АЛДЫ

Ә. Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрында КСРО халық әртісі, КСРО және Қаз КСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Халық Қаһарманы Әзірбайжан Мәмбетовтің 90 жылдығына арналған еске алу кеші өтті. Шара барысында сахна сардарының отбасы мүшелерімен, бірге қызмет істеген театр және өнер қайраткерлерімен, шәкірттерімен шығармашылық кездесу ұйымдастырылды.

Кеш өзгеше форматта өткізілді. Сұхбаттар және интерактивті ойындарға кездесу қонақтары Ә.Мәмбетовтің жары ҚазКСР халық әртісі, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Қорлан Қалимамбетов, немересі Карина Измайлова, күйеу баласы Нұрлан Измайлов, қызы Дина Мәмбетова қатысты. Сонымен қатар Қазақстанның халық әртістері Тілектес Мейрамов пен Гүлжан Әспетова, Рымкеш Омарханова, Нұркен Өтеуілов, Қуандық Қыстықбаев, Сырым Қашқабаяв, Алтынай Нөгербек, Нұрлан Жұманиязов, Бекболат Құрманғожаев, Мұрат Мақсұтов, Бейбіт Бахтыгереев, режиссер өмірінің соңғы жылдары еңбек еткен. Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрының директоры Айболат Жәудір, Музыкалық жас көрермен театрының директоры Асхат Мамиров, «Жастар» театрының көркемдік жетекшісі Нұрқанат Жақыпбай, Жанқалдыбек Төленбаев, Лейло Бекназарқызы



Ханинга, Амантай Жұмашев, Ақыш Омар естеліктерімен бөлісті.

Гүлжан Әспетова Құрманғазы атындағы консерваторияны бітіреді дипломдық жұмысында Қарагөзді ойнады. Комиссия төрағасы Әзірбайжан Мәдиұлы болды. Әйгілі режиссер Әспетованың ойынына тәнті болып, М.Әуезов театрына жұмысқа шақырды. Кейіннен театрда «Қарагөзді» қойғанда осы рөлді

оған берді. 1999 жылы Әзірбайжан Мәмбетов Елбасының шақыруымен Қ.Қуанышбаев атындағы театрға бас режиссер болып келді. Сол кезде Алматыдан бірінші шақырған әртістердің бірі – Гүлжан Әспетова. Актриса бастапқыда режиссердің көмекшісі болып, кейіннен Әзірбайжан Мәдиұлы сахналаған спектакльдерде кейіпкерлерді сомдады. Актриса сол кездер туралы әңгімеледі.

Әзірбайжан Мәмбетов 4-курс оқып жүрген Тілектес Мейрамовқа Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» трагедиясындағы басты кейіпкер – Қозы рөлін сеніп тапсырды. Актёрдің астанаға қызмет ауыстырып, Қаллеки театрына тез сіңісіп кетуіне де Әзірбайжан Мәдиұлының көмегі зор болды. Осыны айтқан актер Әзірбайжан Мәмбетов бас қалаға ауысып келгенде Мұхтар Әуезов театрындағы тамаша дәстүр мен сыйластықты, адами қарым-қатынасты, айрықша бір жылылықты өзімен бірге Қалибек Қуанышбаев театрына да ала келгенін, сол қасиетті ұжым бойына сіңіргенін жеткізді.

Кездесу барысында кеш қонақтарына сұрақтар қойылып, отбасылық жеке мұрағаттан бейнежазбалар көрсетілді. Биыл 22-30 қазан аралығында елордада өтетін «TEATRALL» II халықаралық театр фестивалі Әзірбайжан Мәмбетовтің 90 жылдығына арналғаны айтылды.

«ТАМУР»-ДЫҢ ТАРТУУЫ

Ұлттық музейде «ТАМУР» шығармашылық тобының «Арба» көрмесі ашылды. Іс-шараға мәдениет және қоғам қайраткерлері, танымал суретшілер, зиялы қауым өкілдері қатысты.

«ТАМУР» шығармашылық тобын Шымкент қаласы мен Түркістан облысының суретшілері құрды. Кейін бірлестік құрамына Ресей мен Қырғызстан суретшілері қосылып, халықаралық статуска ие болды.

Бұл – суретшілердің Ұлттық музейдегі екінші көрмесі. Быыл қылқалам шеберлері тың туындыларын ұсынумен қатар музеймен бірлесіп, бейнелеу өнерінің қазіргі жағдайын талқылау үшін дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Белгілі суретші Сұлтан Иляев шығармашылық бірлестіктердің өнердің дамуына қосатын үлесі жайлы сөз қозғады.

«Елімізде шығармашылық бірлестіктер туралы заң қабылданып, олар ресми статуска ие болса, барлық суретшілер «жалғыздың үні шықпас» демекші, бірлестік аясында қызмет етіп, көрме ұйымдастыру, конкурстық іріктеуден өту сынды көптеген мәселелерді шешуде

ұйым тарапынан қолдау табар еді» деді ол.

Қазір кейбір суретшілер күнкөріс қамы үшін тәуір туындыларын аз ақшаға сатуға мәжбүр. Сонымен қатар «әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ» заманда сапасы төмен жұмыстарды көркемсурет өнерінің шыңы деп ұсынатындар да жоқ емес.

Кезінде көрнекті мүсінші Еркін Мерғенов КСРО Суретшілер одағының жұмысын үлгі етіп, қылқалам шеберлерін біріктіріп, қолдау көрсету керектігін айтқан еді. Сол кездегі жүйелі қолдаудың нәтижесінде аты әлемге әйгілі 50 қазақ суретшісі дүниеге келді.

«ТАМУР» тобының мүшелері Ұлттық музейге көрме ұйымдастыруға қолдау көрсеткені үшін алғыстарын айтып, екі тарап ынтымақтастық пен серіктестікті бекіту мен нығайту мақсатында Меморандумға қол қою керектігін алға тартты.



ТІЛАШАР ТОЙЫН ӨТКІЗДІ

«Қарашаңырақ» ұлттық тәрбие беру мектебі Балалар жылы аясында Нұр-Сұлтан қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен Қазақстан халқы Ассамблеясы Нұр-Сұлтан қаласы Аналар кеңесімен бірлесе отырып, ұлттық дәстүрді дәріптейтін тағы бір тағылымды іс-шара ұйымдастырды. Балалар үйіндегі енді мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге арнап «Сарыжайлау» этноауылында «Тілашар тойын» өткізді.

«Тілашардың» мақсаты – бүлдіршіндердің білім алуға, оқуға ынтасын арттыруға, мектепке деген сүйіспеншілігін ояту, қоршаған дүниені танып білуге жетелеу. Ұлт құндылығын ұлықтаушы Зейнеп Ахметова апамыз «Күретамыр» кітабында бұл дәстүр туралы былай деп жазады: «Тілашар» дегеніміз баланың ұстаз алдын алғаш көруіне (мейлі, ол қожа, молда болсын, мұғалім болсын) арналған ізгі ниет, бата-тілек емес пе?! Ертеде алады жылқы, ақтылы қой айдаған ірі байлар балаларын Бұхара, Самарқан, Қазан, Түркістан, Орынбор секілді қалаларға үлкен медреселерден білім алуға жіберген. Ауқатты адамдардың көбі ауылында бала оқытатын қожа-молдалар ұстаған. Алысқа жіберуге шама-

сы келмейтін қоңыр төбел шаруасы барлар мен саптыаяқтық айраны бар кедейдің өзі баласын ауыл арасындағы молдаларға апарған екен. «Тілашар» дәстүрі сол кезде жасалған. Оқуға баратын баланы жуындырып, тырнақ-шашын алып, әркім жағдайына қарай балаға жаңа киім киізіп, қолдағы барымен дастарқан жасап, үлкендерден бата алған». Яғни, тілашар мағынасы терең, тәрбиелік мәні зор дәстүр.

Тойдың құрметті қонақтары балаларға баталарын берді. Ақ жаулықты әжелер «тілі ашылған» бүлдіршіндерге шашу шашып, естелік сыйлықтар үлестірді. Мереке иелері ән айтып, күй тартып тойдың сәнін келтірді.

Баян АСЫЛБЕКОВА



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Шеф-редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №105

Баспаханасы: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8, 5-кеңсе «КОМЕК ИНВ» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлшат САПАРҚЫЗЫ